2.7. КҚ тек Рұқсат етілген аймақ шегінде ғана пайдаланылуы мүмкін. Рұқсат етілген аймақтың талаптары мен шектеулерін бұза отырып КҚ пайдалануға, сол сияқты КҚ рұқсат етілген бір аймақтан екіншісіне ауыстыруға - жол берілмейді. Осы тармақта белгіленген шектеулерді Жалға беруші толық көлемде де, ішінара да (оның ішінде жекелеген науқандарды өткізу шеңберінде) кеңейтуі, азайтуы немесе алып тастауы мүмкін. Өзгерістер туралы тиісті хабарландырулар Сайтта және Мобильді қосымшада орналастырылады, және егер хабарландырудың өзінде өзге мерзім белгіленбесе, оларды орналастыру мерзімі ішінде қолданылады.

2.8. Шартты жасай отырып және/немесе КҚ-ын пайдалануға кірісе отырып, Клиент мыналарды растайды:

2.8.1. Шарттың талаптарымен және оның қосымшаларымен, оның ішінде Тарифтермен, КҚ пайдаланудағы Аумақтық шектеулермен, осы Шартта белгіленген Авариялық инспектордың Функциялары мен өкілеттіктерімен, Қалыпты тозуды анықтау жөніндегі нұсқаулықпен, Айыппұлдар жүйесімен, сондай-ақ осы Шарттың орындалуына байланысты құжаттармен, талаптармен және қағидалармен (оның ішінде үшінші тұлғалардың құжаттарымен) толық танысқанын;

2.8.2. Шарттың 2.8.1-тармағында көрсетілген құжаттардың мәні мен мағынасын түсінетінін;

2.8.3. Шарттың 2.8.1-тармағында көрсетілген құжаттардың мазмұнымен келіскенін, және олар белгілеген талаптарды орындауға міндеттенетінін;

2.8.4. Шартты жасасу және орындау мақсатында шын деректерді (оның ішінде Дербес деректерді) ұсынғанын;

2.8.5. Шартта Клиентке қойылатын талаптарға сәйкес келетінін, және егер ол осы талаптарға сәйкес келмейтін болса, КҚ пайдалануды болдырмайтынын;

2.8.6. Пайдаланушы келісіміне, Шартқа, Дербес деректерді жинау мен өңдеуге арналған Келісімге, және Қолданылатын заңнамаға сәйкес Жалға берушінің өзінің Дербес деректерін өңдеуімен келіскенін;

2.8.7. Жалға берушінің өзінің ерекше қалауы бойынша және оған қажетті көлемде (1) КҚ-ға КҚ-ның орналасқан жерін, сондай-ақ Шарттың ықтимал бұзылуын (түтін сезбегі, GPS-

маяк, КҚ салонындағы аудио- және видео жазу құрылғылары және т.б.) қадағалауға мүмкіндік беретін техникалық құралдарды орналастыруға, және (2) Техникалық қолдау қызметіне жүгінген кезде сөйлесулер, сондай-ақ Жалға алушыға қызмет көрсететін өзге қызметкерлер және/немесе үшінші тұлғалар жүзеге асыратын сөйлесулер жазбаларын жүргізуге, және (3) Anytime мобильдік қосымшасы мен Жалға берушінің геолокация деректерін пайдалануына, көрсетілген техникалық құралдардың көмегімен спидометр көрсеткіштерін қадағалауға және осы Шартта көзделген санкцияларды қолдану кезінде дәлел ретінде олардың деректерін қолдануға құқығы бар екендігіне келісетінін.

2.8.8. Жалға берушінің өзінің айрықша қалауы бойынша және оған қажетті көлемінде өз бетінше және/немесе Авариялық инспекторды тарта отырып, және/немесе үшінші тұлғаларды, оның ішінде (i) тиісті лицензиясы бар уәкілетті ұйымдарды, және (немесе) (ii) сервис орталықтарын (техникалық қызмет көрсету станцияларын) тарта отырып, (1) Жалға берушіге келтірілген залалға, оның мөлшеріне; (2) КҚ келтірілген залалға, оның мөлшеріне; (3) жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған шығыстарға, олардың мөлшеріне; (4) өзге де шығыстар мен олардың мөлшеріне бағалау жүргізуге құқығы бар екендігіне келісетінін.

2.8.9. сотқа дейінгі өндіріп алуды бастамалау мақсаттары үшін, оның ішінде акцептсіз есептен шығару тетігін пайдалана отырып, Шарттың 2.8.8 тармақшасына сәйкес жүзеге асырылған Жалға берушінің көлік құралдарын қалпына келтіру бойынша қызметтер көрсететін сервистік орталықтардың бағалау, калькуляциялау және/немесе ақаулы актілерінің нәтижелерін қабылдайды, сондай-ақ 2.8.8 тармақта көрсетілген мақсаттар үшін Жалға берушіге көрсетілген жұмыстардың/қызметтердің құнын төлейді. Осы ереже тұтынушының өндіріп алу мөлшерімен келіспеу, сотқа жүгіну немесе өз құқықтарын өзге де қорғау құқығын жоққа шығармайды.

2.9. КҚ-ын пайдалану кезінде Клиент Қолданылатын заңнаманың талаптарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін, сондай-ақ Шарттың талаптары мен оған қосымшаларды сақтауға, КҚ-ын автокөлік иесінің адалдығымен пайдалануға, жоғары қауіптілік көзінің иесі ретінде үшінші тұлғалар алдында жауапты болуға міндеттенеді.

2.10. КҚ пайдалану тәртібі, Клиентке қойылатын талаптар және КҚ пайдаланудың өзге де талаптары Шартта, оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларында қамтылған. Науқандар шарттары Сайтта және Мобильді қосымшада орналастырылады және олардың қолданылу кезеңіне Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

II. Дербес деректерді өңдеуге келісім

2.11. Клиент өз келісімін береді және осындай келісім бере отырып, әрекет қабілеттілігі шектелмегенін (а), есірткілік, уытқұмарлық, алкогольдік масаң күйде болмағанын, денсаулық жағдайы бойынша өз құқықтарын жүзеге асыра және қорғай алатындығын және міндеттерін орындай алатындығын, қол қойып отырған келісімнің мәнін түсінуге кедергі келтіре алатын аурулармен ауырмағанын растайды. Сонымен қатар жаңылысу, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, зұлымдық келісім немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы ықпалында болмайтынын растайды. Келісім Клиенттің нақты ерік білдіруіне сәйкес келеді, мәні мен мағынасы, құқықтық салдары түсінікті. Клиент (1) Жалға берушінің Клиент ұсынған және (немесе) кез келген үшінші тұлғалардан алынған өз Дербес деректерін жинауға, өңдеуге (Шарттың 2.13-тармағында анықталғандай) және қорғауға, және (2) меншік иесі ретінде де, сондай-ақ мұндай базаның операторы ретінде де Дербес деректерді қамтитын базаны қалыптастыруға, не болмаса Дербес деректерді қамтитын база операторы функцияларын жүзеге асыру үшін үшінші тұлғаны тартуға келісім береді.

2.12. Клиент Шарттың 2.11-тармағында көрсетілген Дербес деректерге қатысты іс-қимылдарға келісімін:

2.12.1. Шартты, сондай-ақ Anytime бағдарламалық жасақтамасын пайдалану үшін лицензиялық (пайдаланушы) келісімдерін жасасу және тиісті орындау мақсатында;

2.12.2. Қосылу шартын немесе Компаниямен өзге де үлгілік шартты және (немесе) Компания минут сайын/тәулік сайын жалға алу (каршеринг) қызметтерін көрсету үшін пайдаланатын бағдарламалық жасақтаманы пайдалану туралы келісімдерді, сондай-ақ лицензиялық (пайдаланушылық) келісімдерді жасасу (қосылу) және орындау үшін;

2.12.3. Клиентке Компания көрсететін қызметтер туралы ақпарат беру үшін, оның ішінде Компаниямен шарттарды/келісімдерді орындау үшін Клиенттің одан әрі өзге тұлғалармен шарттар/келісімдер жасасу мақсатында;

2.12.4. Жалға берушінің қосымша қызметтер көрсетуі үшін;

2.12.5. Жалға беруші өткізетін науқандарға, сауалнамаларға, зерттеулерге (электрондық, телефон және ұялы байланыс арқылы сауалнамалар, зерттеулер жүргізуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) қатысуға;

2.12.6. Клиентке немесе басқа тұлғаларға қатысты заңды салдар туғызатын шешімдер қабылдау немесе өзге де әрекеттер жасау үшін;

2.12.7. Осы Шарттың талаптары бұзылған кезде, оның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып, берешекті өндіріп алуды ұйымдастыру мақсатында;

2.12.8. Қолданылатын заңнаманы бұзуға жол берген тұлғаны анықтау үшін;

2.12.9. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына олардың сұрау салулары бойынша және Қолданылатын заңнамада көзделген олардың құзыреті шегінде тиісті мәліметтерді ұсыну үшін береді.

2.13. Клиенттің Дербес деректерін өңдеуді Жалға беруші Шарттың 2.12-тармағында атап өтілген мақсаттардың әрқайсысына жету үшін қажетті көлемде мынадай ықтимал тәсілдермен жүзеге асырады: жазу (оның ішінде электрондық тасығыштарға), жүйелеу, жинақтау, сақтау, тізбелерді жасау, таңбалау, нақтылау (жаңарту, өзгерту, толықтыру), шығарып алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), иесіздендіру, бұғаттау, жою, суретке түсіру жолымен бейнені алу, сондай-ақ Қолданылатын заңнама тікелей тыйым салмаған Клиенттің Дербес деректерімен кез келген өзге іс-әрекеттерді жүзеге асыру. Өңдеу автоматтандыру құралдарының көмегімен де, сондай-ақ мұндай құралдарды пайдаланбай да жүзеге асырылуы мүмкін.

2.14. Клиент Дербес деректерді өңдеуге ол берген келісімнің оларды алған сәттен бастап жетпіс бес жылды құрайтын Жалға берушінің Клиенттің Дербес деректерін сақтау мерзімі ішінде қолданылатынын растайды.

2.15. Клиент өзінің Дербес деректерін өңдеуге берген келісімін оны кері қайтарып алу сәтіне дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын Жалға берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы кері қайтарып алуға құқылы, бұл ретте Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, егер мұндай кері қайтарып алу қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін болса немесе Клиенттің Жалға беруші алдындағы орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, келісімді кері қайтарып алуға жол берілмейтіні белгілі.

2.16. Клиент Жалға берушінің, Клиент тарапынан қосымша келісім алмай, оған қажетті көлемде және Шарттың 2.12-тармағында көрсетілген мақсаттарға жету үшін, Клиенттің дербес деректерін үшінші тұлғаларға, олардың агенттеріне және (немесе) олар уәкілеттік берген өзге тұлғаларға ашуға (толық және (немесе) ішінара), сондай-ақ мұндай тұлғаларға Қолданылатын заңнама талаптарын сақтай отырып, құрамында Дербес деректері бар тиісті құжаттарды ұсынуға құқылы екендігін мойындайды және растайды:

2.16.1. Шартта және/немесе пайдаланушылық келісімде көзделген жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) үшінші тұлғаларды тартқан кезде;

2.16.2. Жалға беруші оның функциялары мен өкілеттіктерін өзге тұлғаға берген кезде (оның ішінде басқаға беру мүмкіндігін қарау және Шарт бойынша құқықтарды басқаға беру туралы шешім қабылдау үшін, не өндіріп алу бойынша қызметтер көрсету кезінде және т.б.);

2.16.3. Үшінші тұлғаларды құрамында Дербес деректері бар база операторлары ретінде тартқан кезде (оның ішінде оларды жинау, өңдеу немесе сақтау үшін);

2.16.4. Қолданылатын заңнамаға қайшы келмейтін тәртіппен дербес деректерді трансшекаралық беру (Дербес деректерді барабар қорғауды қамтамасыз етпейтін елдерді қоса алғанда), оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беру арқылы.

2.17. Клиент Клиенттің Дербес деректерін өңдеуге осы келісімнің оның кез келген үшінші тұлғаларға берілген деп есептелетінін мойындайды және растайды, және кез келген осындай үшінші тұлғалар осы келісім негізінде, оның ішінде Дербес деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді өңдеуге құқылы.

2.18. Клиент Жалға беруші Клиентпен жасалған Шарттар, пайдаланушылық келісімдер бойынша үшінші тұлғаларға құқықтарды беру мәселелерін қараған жағдайда, немесене Жалға беруші Клиенттің берешегін өндіріп алуға бағытталған іс-әрекеттерді жасау үшін үшінші тұлғаларды тартқан жағдайда, оның Дербес деректерін және оның Шарты туралы деректерін осындай үшінші тұлғаларға беруге келісім Клиент Жалға берушіге берген болып есептелетінін мойындайды және растайды. Осы Шарт бойынша құқықтарды басқаға берген жағдайда Жалға беруші Клиентке бұл туралы хабарлама жібермеуге құқылы. Осымен Клиент осы тармаққа сәйкес Жалға беруші жасаған басқаға беру туралы қандай да бір хабарламалар алмауға келіседі. Клиент үшінші тұлғалармен (оның ішінде Клиенттің отбасы мүшелерімен, жұмыс берушілермен, туыстарымен, немесе Клиентпен тұратын басқа тұлғалармен, көршілермен және кез келген басқа жеке тұлғалармен) өзара іс-қимылының мерзімі өткен берешегін қайтаруға бағытталған өз келісімін береді.

2.19. Жалға беруші осы арқылы Қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес Клиентке растайды:

2.19.1. Дербес деректерді жинау және өңдеу оларды қорғау жағдайларында ғана жүзеге асырылуы тиіс екенін;

2.19.2. Өз қызметкерлінің, және Дербес деректерге қатысы бар жекелеген функцияларды орындау үшін үшінші тұлғаларды тартқан жағдайда - осындай үшінші тұлғалардың Дербес деректердің тиісті құпиялылығын сақтауын қамтамасыз ететінін;

2.19.3. Өз шешімімен Дербес деректерге қол жеткізуге, оларды жинауды және (немесе) өңдеуді жүзеге асыруға құқылы өз қызметкерлері қатарынан тұлғалардың шектеулі тізбесін белгілейтінін;

2.19.4. Дербес деректерді жоюды қолданылатын заңнамада көзделген жағдайларда, оның ішінде, шектеусіз: (1) Шарттың 2.14-тармағында көзделгендей, Дербес деректерді сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін, (2) осы Шарттың және (немесе) Жалға беруші мен Дербес деректерді қамтитын база операторлары арасындағы шарттардың қолданылуы тоқтатылған кезде, (3) нақты Клиенттерге қатысты Дербес деректерді жоюды қамтамасыз ету тікелей ұйғарылған сот шешімі заңды күшіне енген кезде, (4) Қолданылатын заңнамада көзделген өзге жағдайларда қамтамасыз ететінін;

2.19.5. Статистикалық, әлеуметтік, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін Дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде оларды иесіздендіруді қамтамасыз ететінін;

2.19.6. Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде Дербес деректерді қамтитын база операторлары ретінде үшінші тұлғалар тартылған жағдайда Дербес деректерді сақтауды қамтамасыз ететінін;

2.19.7. Дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына трансшекаралық беру осы мемлекеттер Дербес деректерді қорғауды Шарттың 2.19-тармағында көзделген талаптарға нұқсан келтірмей қамтамасыз еткен жағдайда жүзеге асырылуы тиіс екенін растайды.

2.20. Осы Шарттың мақсаттары үшін Тараптар Жалға беруші және (немесе) Клиент кері туралы шынайы мәліметтер алмағанша шет мемлекет Дербес деректерді тиісінше қорғауды қамтамасыз етуші ретінде қаралуға тиіс екендігін түсінеді және келіседі.

2.21. Жалға беруші және (немесе) осы Шартты орындау үшін талап етілетін қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау үшін ол тартқан үшінші тұлғалар, оның ішінде Дербес деректері бар база операторлары ретінде үшінші тұлғаларды тартқан кезде,

Клиентке оның Дербес деректерін кімге де беретіні туралы хабарлауға міндетті емес, бұл туралы Клиент осы Шартқа қосылу фактісімен өзінің сөзсіз келісімін береді.

III. Шарт жасасу

2.22. Жалға беруші мен Клиент арасында Шарт жасасу мынадай талаптар болған кезде: (1) Клиент тарапынан - Клиентті Шартта және пайдаланушы келісімімен белгіленген тәртіпке сәйкес Шартта берілген талаптарға қосу жолымен, және (2) Жалға беруші тарапынан – Клиентті Anytime сервисінде Белсендіру жолымен жүзеге асырылады.

2.23. Клиент таңдаған Шарт жасасу нысанына қарамастан (электрондық қол қою, Жалға беруші жол беретін басқа да тәсілдер), Шарт Клиенттің Шартта (оның қосымшаларында) белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізілгеннен кейін, сондай-ақ ұсынылған құжаттарды тексергеннен кейін Жалға беруші нақты Клиентпен Шарт жасасу мүмкіндігін растағаннан кейін ғана жасалады. Жалға берушінің Шарт жасасуды алдын ала мақұлдауысыз Клиент алған Шартқа қосылуын растамалар Шарт бойынша қатынастардың туындауына әкеп соқпайды және әлеуетті Клиенттің Шарт жасасу ұсынысы ретінде бағаланады. Жалға берушінің алдын ала келісімін алған шартпен, Шарт клиенттің Есептік Жазбасы белсендірілген күннен бастап Тараптармен жасалған болып есептеледі.

2.24. Шартты электрондық нысанда жасасу үшін Клиент Мобильді қосымшаның немесе Сайттың арнайы мүмкіндіктерін пайдалана отырып, барлық төмендегі әрекеттерді жасауы тиіс:

2.24.1. Жалға беруші белгілеген нысан бойынша Жалға берушіге жеке басын куәландыратын құжаттың және жүргізуші куәлігінің скан-көшірмелерін/суреттерін, сондай-ақ Жалға берушіге Есептік жазбаның құрылғанын тексеру және мақұлдау және кейінгі Шартты жасасу үшін талап етілуі мүмкін кез келген өзге құжаттарды жіберу;

2.24.2. Осы Шартта белгіленген қағидалармен келісу және Мобильді қосымшада немесе Сайтта тиісінше «Талаптармен келісемін» және/немесе мағынасы жағынан ұқсас батырманы басу. Нұсқауда сілтеме бар, оны басып Клиент Anytime Шартымен танысады, сондай-ақ өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім береді.

Әлеуетті Клиенттің Шарт жасасуға бағытталған іс-әрекеттерді жасағанын растау Клиенттің Сайтта немесе Мобильдік қосымшада тіркелуін аяқтау және Сайттың немесе Мобильді қосымшаның функционалдық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, КҚ жалға алуға бағытталған іс-әрекеттерді жасау (КҚ брондау) болып табылады, өйткені Сайттың немесе мобильді қосымшаның көрсетілген мүмкіндіктері Клиент іске қосылғаннан (іске қосылғаннан) кейін ғана ашылуы мүмкін.

2.25. Егер тұлға осы бөлімде көрсетілген негіздерсіз Сайттың немесе Мобильді қосымшаның функционалдық мүмкіндіктеріне кіруге рұқсат алған жағдайда, ол бұл туралы Жалға берушіге дереу хабарлайды және осындай қолжетімділікпен ашылған мүмкіндіктерді пайдаланбауға міндеттенеді. Қарсы жағдайда осы тұлғаның атынан Сайтты немесе Мобильді қосымшаны пайдалана отырып жасалған барлық іс-әрекеттер тікелей осы тұлға жасаған іс-әрекеттері ретінде бағаланатын болады.

2.26. Клиентті Белсендіру (Активизация) Клиенттің Шартқа сәйкес Клиенттің Есептік жазбасын бұғаттау жағдайларын қоспағанда, кез келген Рұқсат етілген аймақ шегінде Шарт бойынша көлік құралдарын пайдалану үшін жалға алу мүмкіндігін білдіреді. Бұл ретте Клиент жекелеген талаптардың (оның ішінде Тарифтер, КҚ пайдаланудағы Аумақтық шектеулер, Клиентке қойылатын талаптар, және басқалары) әр түрлі Рұқсат етілген аймақтарда ерекшеленуіне келіседі.

2.27. Осы Шарттың мәтіні Жалға берушінің қалауы бойынша таратылады:

2.27.1. Электрондық нысанда:

Шарттың мәтіні бар электрондық бейнесі бар файлды Жалға берушінің Интернет желісіндегі https://anytime.kz ресми сайтында орналастыру жолымен;

электрондық пошта бойынша - Шарт мәтіні бар электрондық бейнені қамтитын файл түрінде.

2.27.2. қағаз нысанында - Жалға берушінің орналасқан жері бойынша.

IV. Хабарламалар

2.28. Осы Шартқа қатысты кез келген ақпарат Клиентке Жалға берушінің айрықша қалауы және таңдауы бойынша келесі тәсілдердің кез келгенімен жеткізіледі:

- Жалға берушінің орналасқан жері бойынша тиісті ақпаратты орналастыру арқылы, немесе
- Сайтта орналастыру арқылы, немесе
- Клиент көрсеткен электрондық пошта мекен-жайы бойынша жазбаша хабарламалар жіберу арқылы, немесе
- Клиент көрсеткен ұялы телефонның байланыс нөмірі бойынша SMS-хабарламалар жіберу арқылы, немесе
- егер Клиент осы ұйымның қызметкері болып табылса, Жалға берушімен келісім жасасқан ұйымға тиісті ақпаратты жіберу арқылы, немесе
- Мобильді қосымшада Push-хабарламалар жіберу арқылы, немесе
- Қолданылатын заңнамаға қайшы келмейтін, және Клиентке ақпарат жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өзге де жалпы қол жетімді тәсілмен.

2.29. Клиент осы Шартқа қосылу фактісімен Жалға берушінің клиент тарапынан осы Шартты іске асыру барысында қалыптасқан ағымдағы және мерзімі өткен берешектің мөлшері туралы ақпаратты, Клиентке көрсетілетін қызметтерге қатысты өзге де ақпаратты қамтитын: Шарт талаптарының өзгеруі туралы ақпарат (оның ішінде тарифтер), жаңа қызметтер, басқа да жаңалықтар, сондай-ақ жарнамалық сипаттағы хабарламалар туралы Клиенттің ұялы телефонының байланыс нөміріне қоңырау шалуға және хабарлама сипатындағы дауыстық және (немесе) SMS-хабарламаларды жіберуге құқылы екендігімен келіседі.

2.30. Клиент Anytime мобильдік қосымшасында немесе Сайтта Клиентті Тіркеу кезінде Клиент көрсеткен электрондық пошта мекенжайына (сол сияқты Клиенттің Есептік жазбасында бар басқа электрондық пошта мекенжайына) - Шарт талаптарының, Тарифтердің, жаңа қызметтердің, сондай-ақ Клиентке ұсынылатын қызметтердің, басқа жаңалықтардың, сондай-ақ жарнамалық сипаттағы хабарламалардың өзгеруіне қатысты ақпаратты жіберуге құқылы екендігімен келіседі.

2.31. Жалға беруші Клиенттің дауыстық және SMS-хабарламаны және электрондық хабарламаны алмауынан және (немесе) оған уәкілетті емес тұлғаның алуынан келтірілген шығындар үшін жауапты болмайды.

Клиент үшінші тұлғалармен (оның ішінде жұмыс берушілермен, Клиенттің отбасы мүшелерімен, туыстарымен, Клиентпен тұратын басқа тұлғалармен, көршілермен және кез келген басқа жеке тұлғалармен) өзара іс-қимылының мерзімі өткен берешегін қайтаруға бағытталған өз келісімін береді.

2.32. Клиент Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде болған кезде, немесе Клиент Қазақстанда тіркелмеген ұялы байланыс операторының ұялы телефон нөмірін ұялы телефонның Байланыс нөмірі ретінде пайдаланған кезде, сондай-ақ SMS-сервисті және (немесе) Өндірілген құпиясөздерді алу мақсатында, ұялы байланыс операторлары жүйелерінің жұмыс істеу ерекшеліктеріне байланысты, Клиенттің Жалға берушіден SMS-хабарламаларды уақтылы алмау немесе алмау тәуекелі артады. Клиент осы тәуекел туралы хабардар етілген, шетелге шығу кезінде, сондай-ақ Жалға берушіге ұялы телефонның байланыс нөмірі ретінде өзінің ұялы телефон нөмірін көрсеткен кезде және (немесе) SMS-хабарламаларды және (немесе) Өндірілген құпиясөздерді алу мақсатында оны толығымен түсінеді және ескереді.

V. Anytime бағдарламалық жасақтамасы

2.33. Клиент Anytime бағдарламалық жасақтамасы ақпаратты, оның ішінде Дербес деректерді қабылдау, беру, өңдеу және сақтау кезінде тиісті жұмысты қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ ақпаратты рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғау, электрондық құжаттардың түпнұсқалығын және авторлығын растау үшін, сондай-ақ олар бойынша даулы жағдайларды шешу үшін жеткілікті екенін мойындайды. Клиент Anytime бағдарламалық жасақтамаға сенім береді. Клиент Anytime бағдарламалық жасақтамасы үнемі жетілдірілетінімен келіседі, осыған байланысты оның тиісті жұмыс істеуінде техникалық проблемалар болуы мүмкін. Anytime бағдарламалық жасақтамасын пайдаланушысы ретінде Клиент (осы Шартты жасасқаннан кейін – Клиент) Сайттың, Anytime мобильді қосымшасының, өзге бағдарламалық жасақтаманың жұмыс істеуіне наразылық білдірмей, «сол күйінде» «Anytime» сервисін іске асыру үшін пайдаланылатын Anytime бағдарламалық жасақтамасын қабылдайды.

Клиент Шарт жасасар алдында бағдарламалық жасақтаманы зерделеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдағанын және қажет болған жағдайда, Компаниядан оны пайдалану тәртібі, функционалдық мүмкіндіктері мен кемшіліктері туралы түсініктеме алғанын, бағдарламалық жасақтаманың сапа деңгейімен және оның өз функционалын орындауымен, кемшіліктердің (оның ішінде қателер мен іркілістердің) болуымен келіскенін растайды. Осыған байланысты Компания бағдарламалық жасақтама Клиенттің үміттерін қанағаттандырады, оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді деген нақты немесе болжамды кепілдіктер бермейді.

Жалға беруші Anytime бағдарламалық жасақтасымен жұмыс істеу кезінде Клиент пайдаланатын жабдық үшін жауапты болмайды.

Клиент осы Шарттың мақсаттары үшін, сондай-ақ Anytime бағдарламалық жасақтамасын Пайдаланушының және жалға алынған КҚ қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Anytime қосымшасы Клиенттің геолокация деректерін (навигациялық деректерді) пайдалануы тиіс болғанымен келіседі, және тиісті деректерді ұсынуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Клиент Anytime бағдарламалық жасақтамасының (оның ішінде навигациялық жүйелер) деректері Клиенттің Есептік жазбасындағы іс-әрекеттер туралы деректермен жиынтығында Клиенттің тиісті Есептік жазбасы бекітілген Клиенттің іс-әрекеттерін растайтын жеткілікті деректер болып табылатындығымен келіседі, Anytime бағдарламалық жасақтамасымен белгіленген уақыт сәтінде (соның ішінде Жалға алу сессиясы кезеңдері, сол немесе басқа Тарифтерді пайдалану, қозғалу траекториясы және т.б.).

Клиент Anytime бағдарламалық жасақтамасын Жалға беруші әр түрлі жобаларда пайдаланатынымен келіседі, осыған байланысты Anytime мобильдік қосымшасындағы іс-әрекеттер, Есептік жазбамен (оның ішінде бұғаттау), Өндірілген құпиясөздермен және осы Шартты орындау шеңберінде жасалған өзге де іс-әрекеттер Клиент Anytime мобильді қосымшасын Жалға берушінің өзге жобалары шеңберінде пайдаланған кезде тиісті салдарларға ие болады.

Осы талаппен келіспеген жағдайда Клиент (бағдарламалық жасақтаманы пайдаланушы) Anytime сервисін пайдалануды тоқтатуға және осы Шартты бұзуға міндеттенеді. Өтемақылар Шарттың талаптарына және Жалға берушінің Клиентпен келісіміне сәйкес Клиенттің бонустық шотына Бонустық баллдарды есептеу арқылы жүзеге асырылады.

VI. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.34. <u>Клиенттің құқықтары (Клиенттің Есептік жазбасы бұғатталмаған кезде):</u>

2.34.1. Жалға берушіден оның Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын талап ету;

2.34.2. Жалға алынған КҚ-ын Шарт талаптарына және Қолданылатын заңнама талаптарына сәйкес пайдалану;

2.34.3. Шартта белгіленген тәсілдермен Клиент үшін барынша қолжетімді жерде орналасқан кез келген бос КҚ (Сайтта немесе Anytime мобильді қосымшасында бос болып белгіленген) брондау, Жалға берушіден жалға алу;

2.34.4. КҚ-дағы жанармай деңгейін тәртіппен және Қағидалармен белгіленген жағдайларда толтырып тұру.

2.34.5. Жалға алу сессиясы аяқталған кезде, егер Клиентте КҚ одан әрі сақталуына күмән бар болса, КҚ фотосуреттерін Жалға берушіге пошта мекенжайына жіберу.

2.34.6. Клиент жол-көлік оқиғасы немесе көлік құралдың бұзылуына әкелген басқа оқиға орын алған сәттен бастап 2 (екі) күн ішінде, өз күшімен және өз қаражатымен КҚ таңдауы Жалға берушімен келісілген сәйкес лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушымен тексеруін ұйымдастыруға құқылы. Аталған мерзімде КҚ тексеру ұйымдастырылмаған болса, Жалға беруші Клиентке өз қарауы бойынша: (1) КҚ жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын техникалық қызмет көрсету орталығының ақаулық туралы актісі негізінде немесе (2) Жалға берушімен тартылған тәуелсіз бағалаушының есеп беруі негізінде қалпына келтіру/жөндеу жұмыстарының бағасын өтеу туралы талап ұсынуға құқылы болады.

2.35. Клиенттің міндеттері:

2.35.1. Осы Шартты жасаған кезде Жалға берушіге жүргізуші куәлігінің (толығымен), жеке басын куәландыратын құжаттардың, өзге де құжаттардың (оның ішінде егер бұл жекелеген Тарифке қосу шарттарында көзделген болса) және деректері Шартқа қосылу туралы құжатқа енгізілетін мәліметтердің түпнұсқалық даналарын ұсынуға міндетті. Құжаттар оқылатын, жылтылсыз болуы тиіс, оның барлық деректері анық оқылуы тиіс;

2.35.2. Осы Шартқа сәйкес КҚ-ны оның арналуына, мақсаттарына, осы Шартта және оның қосымшаларында көрсетілген талаптар мен шарттарға, Жалға берушінің нұсқаулықтары мен ұсынымдарына, Сақтандыру қағидаларына, сақтандыру полистерінде/шарттарында берілген талаптармен қатаң сәйкестікте қабылдау және ұқыпты пайдалану, КҚ-ның зиянын болдырмау және алдын алу бойынша уақытында шаралар қабылдау;

2.35.3. КҚ-ын тікелей басқаруды өз күшімен (тек өзі ғана) жүзеге асыру. КҚ-ын басқаруды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынған және айыппұл санкцияларын (тұрақсыздық айыбын) және шығындарды өтеуді қолдануға әкеп соғады;

2.35.4. Осы Шарттың талаптарына сәйкес КҚ-ын қабылдаған сәттен бастап оны қайтару сәтіне дейін; КҚ сақталуын қамтамасыз ету, КҚ-дағы құжаттарының (жанармай картасының/карталарының, КҚ тіркеу белгілерінің, КҚ тіркеу туралы куәліктің, КҚ-ның өзге де құжаттарының), стандартты автомобиль жиынтығының (медициналық дәрі қобдишасы, оның дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың минималды мөлшері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шешімімен белгіленеді, өрт сөндіргіш, авариялық тоқтату белгісі/жыпылықтайтын қызыл шам), кілемшелерінің, КҚ кілттерінің, КҚ салонында орнатылған арнайы жабдықтардың болуын тексеру және сақталуын қамтамасыз ету.

2.35.5. КҚ пайдалану кезінде ҚР ЖҚЕ және Қолданылатын заңнаманың өзге де талаптарын қатаң сақтау;

2.35.6. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жалға алу ақысын, КҚ брондау ақысын уақтылы енгізу, мобильді қолданбаға тіркелген банк картасына материалды залалды өтеу және Шартта көзделген өзге де төлемдерді төлеу, банк картасында жалға алу және Шарт бойынша өзге де төлемдерді төлеу үшін жеткілікті мөлшерде ақшалай қаражаттың болуын қамтамасыз ету;

2.35.7. КҚ пайдалану аяқталғаннан кейін оны Жалға берушіге осы Шартта көзделген тәртіппен тиісті техникалық жай-күйде қайтаруға; Жалға алу Сессиясы аяқталған кезде,

егер Клиентте КҚ-ның одан әрі сақталуына күмән туындаған жағдайда, КҚ-ның фотосуреттерін Жалға берушіге пошта мекенжайына жіберуге: ;

2.35.8. Жалға берілетін КҚ-ның техникалық жай-күйін өз күшімен көзбен шолып қарауды жүргізу және зақымдануды немесе басқа кемшіліктерді анықтауға қарамастан Мобильді қосымшада КҚ-ның күйін көрсету. КҚ-ның көзге көрінетін зақымданулары (сыртқы және КҚ ішінде, оның ішінде қоқыстардың болуы, салонның ластануы) анықталған жағдайда КҚ-ны пайдалану басталғанға дейін бұл туралы Жалға берушіге 8-702-333-44-88 телефоны бойынша хабарлау және КҚ-ның зақымдануы немесе ластануы фотосуретін Жалға берушіге пошта мекенжайына жіберу: _немесе КҚ зақымдануы туралы хабарлама Жалға беруші белгілеген, оның ішінде Сайтта көрсетілген өзге тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Клиент көрсетілген міндеттерді орындамау мұндай зақымдануларды, ластануды және т.б. Клиенттің жалға алу сессиясы кезеңінде пайда болды деп білдіретінімен келіседі. Клиенттің КҚ қабылдауы Жалға берушінің Шарттың 2.40.1 -тармағында көзделген міндетті орындауын білдіреді;

2.35.9. Тез арада (тиісті жағдайлар туындаған сәттен бастап бірінші физикалық мүмкіндік болған жағдайда) Жалға берушіні мына телефон арқылы: 8-702-333-44-88 (немесе Жалға беруші белгілеген, оның ішінде Сайтта көрсетілген басқа тәсілдермен) КҚ айдап әкету / ұрлану туралы, КҚ кез келген зақымдануы, оның ақаулықтары, сынуы, ЖКО, КҚ қатысты немесе осындай КҚ басқаруына байланысты үшінші тұлғалардың шағымдары туралы, КҚ қатысушысы болып табылатын оқиғалар туралы, Шарт пен оның қосымшаларына сәйкес Клиентке, нәтижесінде КҚ зиян келтірілуі мүмкін, КҚ басқару құқығының жоғалуы туралы, жанармай картасының/карталардың, КҚ тіркеу белгілерінің, КҚ тіркеу туралы куәліктің, КҚ-ның өзге де құжаттарының, стандартты автомобиль жиынтығының (медициналық дәрі қобдишасы, өрт сөндіргіш, авариялық тоқтату белгісі/жыпылықтайтын қызыл шам), кілемшелерінің, КҚ кілттерінің, КҚ салонында орнатылған арнайы жабдықтардың, өзге де жабдықтар мен құжаттардың жоғалу немесе жарамсыз күйге келтіру фактісі туралы, көрсетілген фактілер туралы сенімді ақпаратты хабарлауға және жалға берушінің, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың талаптары;

2.35.10. ЖКО және (немесе) сақтандыру ережелеріне сәйкес өзге сақтандыру жағдайы келген жағдайда Жалға берушінің/Авариялық инспектордың Техникалық қолдау қызметінің нұсқауларын және Сақтандыру ережелерін басшылыққа алу.

2.35.11. КҚ сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау, ЖКО, КҚ айдап әкету/ұрлау туралы дереу (бірінші физикалық мүмкіндік болған кезде) ішкі істер органдарына (112, немесе 102, немесе 103 (адам денсаулығына зиян келтірген кезде) бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке телефон арқылы хабарлау;

2.35.12. Уәкілетті ішкі істер органдарында және сақтандыру ұйымдарында ЖКО-ға байланысты мәселелерді қарау кезінде жеке өзі (немесе Қолданылатын құқықпен қарастырылған тәртіппен өз өкілін тарта отырып) қатысу;

2.35.13. Қолданылатын заңнамада, сондай-ақ Сақтандыру ережелерінде көзделген жағдайларда жасалуы міндетті қажетті құжаттарды (Техникалық қолдау қызметі/Авариялық инспектор Қолданылатын заңнамаға қайшы келмейтін өзге де нұсқаулар берген жағдайларды қоспағанда), рәсімдеу (қол қою, өз қолымен белгіленген орындарда растау, қол қою) және алу (оның ішінде ішкі істер органдарында), оның ішінде:

- сақтандыру ұйымына сақтандыру жағдайының (оқиғасының) басталғаны туралы жазбаша хабарлама (оның ішінде егер бастапқы хабарлама ауызша нысанда берілген жағдайда) (Сақтандыру ережелерінде көзделгендей тәртіппен және мерзім ішінде);

- ішкі істер және денсаулық сақтау органдарын, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің ЖКО туралы хабарлама (қажет болған жағдайда);

- уәкілетті ішкі істер органының хаттамасы, оқиға күні, уақыты және орны, оқиғаға қатысушылар, олардың тұратын немесе жұмыс орны, оларда жүргізуші куәліктерінің болуы, олардың біреуінің алкогольдік масаң күйде болуы туралы мәліметтер көрсетілген, тиісті оқиғаның болу фактісін және кінәлі тұлғаларды (оқиғаның болмауы, кінәлі тұлғалардың

болмауы) ресми түрде растайтын, КҚ жалға алынған зақымдардың сипаттамасымен немесе КҚ және клиенттің қатысуымен сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжат;

- КҚ айдап әкету / ұрлау жағдайында – жалға алынған КҚ ұрлау немесе айдап әкету туралы жазбаша өтініш, қылмыстық істі тергеу нәтижелері туралы ішкі істер органдарынан анықтама (егер қолданса);

- КҚ тіркеу туралы куәлік (техникалық паспорт);

- Шартта және/немесе Сақтандыру ережелерінде көрсетілген сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін Жалға беруші көрсеткен сақтандыру ұйымы ақылға қонымды және заңды талап ететін өзге де құжаттар.

Шарттың осы 2.35.13-тармақшасында көрсетілген тиісті түрде ресімделген жарамды құжаттарын (түпнұсқа даналарын не түпнұсқа дананы Клиент Қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға және (немесе) сақтандыру ұйымына беруге тиіс болған жағдайда, - онда осындай уәкілетті органдар және (немесе) сақтандыру ұйымы куәландырған олардың көшірмелерін Клиент жалға берушіге оларды ресімдеу немесе үшінші тұлғалардан (оның ішінде мемлекеттік билік органдарының лауазымды тұлғаларынан) алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде беруге міндеттенеді. Клиент Жалға берушіге тиісті түрде рәсімделген құжаттарды уақтылы ұсынбаудан туындаған барлық қаржылық тәуекелдерді, оның ішінде сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда не сақтандырушының суброгация тәртібімен регрестік талаптарды немесе талаптарды ұсынуынан туындаған барлық қаржылық тәуекелдерді өзіне қабылдайды. Клиент ұсынған тиісті түрде рәсімделмеген құжаттарды Жалға беруші осы мән-жайлардан туындайтын құқықтық салдарлармен ұсынылмаған ретінде бағалай алады.

2.35.14. Жалға алу сессиясы кезеңінде, сондай-ақ Клиенттің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) байланысты Жалға алу сессиясынан тыс КҚ көшірілген жағдайда, бұл туралы дереу жалға берушінің ақпараттық орталығына хабарлау, сондай-ақ Жалға берушінің талабы бойынша ішкі істер органдары қызметкерлерінің клиентке ұстау, жеткізу және (немесе) тыйым салу туралы актіні рәсімдеуге және беруге қатысуын қамтамасыз ету әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға/әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға (олар клиенттің қатысуымен жасалған жағдайда) және хаттаманың/қаулының өзіне қоса берілетін КҚ-ны пайдалану. Көрсетілген міндет тіпті Клиентке КҚ-ны көшіру және КҚ-ны Жалға берушіден арнайы тұраққа немесе алаңға орналастыру туралы белгілі болады. Бұл ретте Клиенттің КҚ көшіру туралы хабарламасы Жалға берушінің құқығы болып табылады, бірақ міндеті емес.

Жалға беруші КҚ қайтару үшін Клиентті тартқан жағдайда, Жалға беруші Клиентке КҚ-ны арнайы тұрақ пен алаңнан қайтаруға рұқсат алу үшін қажетті құжаттарды, оның ішінде: КҚ тіркеу туралы куәлікті, сақтандыру полисін, клиентке сенімхатты ұсынады. КҚ-ны Жалға берушіге арнайы тұрақ пен алаңнан қайтарған кезде немесе Жалға беруші арнайы тұрақ пен алаңнан КҚ-ны қайтаруды ұйымдастыру үшін клиентке берген мерзім аяқталғаннан кейін Клиент КҚ-ны көшіруге байланысты үшінші тұлғалардан алған және Жалға беруші берген барлық құжаттарды Жалға берушіге жеке өзі қайтаруға міндетті. КҚ-ны арнайы тұрақтан немесе алаңнан алғаннан кейін Клиент КҚ-ны Жалға беруші көрсеткен жерде қалдырады. КҚ Клиенттің қайтаруы Жалға беруші белгілеген мерзімде жүргізілуі тиіс.

Егер КҚ-ын қайтаруды Жалға берушінің қызметкерлері жүзеге асырған жағдайда, Клиент Жалға берушіге Жалға беруші шеккен барлық шығындарды, оның ішінде басқа көлік құралын (эвакуаторды) пайдалана отырып, КҚ-ның орнын ауыстыру, КҚ-ны қайтару үшін Қолданылатын құқыққа сәйкес қажетті құжаттарды рәсімдеу немесе алу бойынша, мұндай ұстау Жалға берушінің арнайы тұрақты немесе алаңды басқару функцияларын жүзеге асыратын ұйыммен жасалған КҚ-ны сақтау жекелеген шарты негізінде жүзеге асырылған жағдайда, КҚ-ны арнайы тұрақта немесе алаңда ұстау бойынша.

2.35.15. Жалға беруші сақтандыру жағдайына байланысты құжаттарды өз бетінше алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Жалға берушінің тиісті талабын алған сәттен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірмей Жалға берушінің өкіліне ішкі істер органдары мен сақтандыру ұйымдарында анықтамалар жинауға және өз мүдделеріне өкілдік етуге қатысты іс-әрекеттерді жүзеге асыруға сенімхат (қайта сенім білдіру құқығымен) беру;

2.35.16. Ішкі істер органдарының немесе Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының өкілі тарапынан талап етілген жағдайда, Клиент Жалға беруші және (немесе) Қолданылатын заңнамада белгіленген мерзімнен кешіктірмей осындай талап алынған тиісті мемлекеттік органдарға жеке өзі (немесе Клиент уәкілеттік берген өкіл тұлғасында) келуге міндетті. Клиент тиісті мемлекеттік органдарға келу қажеттілігі көрсетілген құжаттарды жасауға қатысқан жағдайларды қоспағанда, Жалға беруші осындай келу қажеттілігі туралы Клиентті осындай талап туралы Жалға берушіге белгілі болған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

2.35.17. Мобильді қосымшада жанармай деңгейінің кемінде 10% - ы көрсетілетін бензин бағында жанармай бар КҚ-ны жалға алуды аяқтау, осы талапты бұзу Шарттың талаптарына сәйкес санкциялар қолдануға әкеп соғады.

2.35.18. Anytime мобильді қосымшасындағы өз Есептік жазбасын, оның ішінде пайдаланушы Клиенттің аты, Логин, Өндірілген құпиясөзді басқа тұлғалардың рұқсат етілмеген пайдалануынан қорғау үшін тиісті шаралар қабылдау және осындай пайдалану фактісі анықталған жағдайда Жалға берушіге тиісті ақпаратты дереу хабарлау. Клиенттің еркінен басқа, Клиенттің деректерді рұқсатсыз пайдалану мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін кез келген ақпаратты алуы рұқсат етілмеген пайдаланудың басталуы деп санаған жөн;

2.35.19. Ұялы телефонның Байланыс нөмірі және өзге де деректер нақты ауысқан жағдайда бұл туралы Жалға берушіге дереу хабарлау;

2.35.20. Жалға берушінің Сайтын, Anytime мобильді қосымшасын тек жеке өзі және тек жеке коммерциялық емес мақсаттарда пайдалану;

2.35.21. Шарт талаптарының өзгеруі және Шартты редакциялау күні үшін Сайттың және (немесе) Anytime мобильді қосымшасының мониторингін өз бетінше жасау;

2.35.22. тиісті «В» немесе «В1» санатындағы (латын транслитерациясында) көлік құралын басқару құқығын растау үшін Қолданылатые заңнамаға сәйкес Клиентке қажет болуы мүмкін қажетті рұқсаттарды, құжаттарды (оның ішінде жүргізуші куәлігін және т. б.) алу, сондай-ақ жүргізуші куәлігінен айырылған, жоғалған, болмаған жағдайда КҚ пайдалануды дереу тоқтату;

2.35.23. Сайтқа және (немесе) Anytime мобильді қосымшасына, Жалға берушінің мүдделеріне және (немесе) мүлкіне зиян келтіруі мүмкін ешқандай технологияларды пайдаланбау және ешқандай әрекет жасамау;

2.35.24. Жалға алу сессиясы аяқталғаннан кейін Шарт талаптарына сәйкес КҚ құжаттар жиынтығымен (КҚ тіркеу туралы куәлік, сақтандыру полисі), жанармай картасымен/карталарымен, стандартты автомобиль жиынтығымен, барлық аксессуарлармен және қосымша жабдықпен, оның ішінде кілемшелермен, КҚ кілттерімен, клиент КҚ қабылдаған сәтте КҚ-да болған арнайы жабдықпен қалдыру. Егер КҚ болжамды қалдырылған жерде ГЛОНАСС/GPS жүйесіне және (немесе) Интернет желісіне, және(немесе) ұялы байланысқа қол жеткізу болмаған жағдайда, Клиент КҚ-н ГЛОНАСС/GPS жүйесі және (немесе) Интернет желісі және (немесе) ұялы байланыс бар жерге қайта қоюға міндеттенеді.

2.35.25. Шартта және оның қосымшаларында көзделген жағдайларда және тәртіппен КҚ-дағы жанармай деңгейін толықтыру;

2.35.26. Өз мүлкінің сақталуын өз күшімен қамтамасыз ету;

2.35.27. Қолданылатын заңнаманың ережелерін сақтау;

2.35.28. Шартта, оның қосымшаларында көзделген, сондай-ақ міндеттеме мәнінен туындайтын өзге де міндеттерді сақтау.

2.36. Клиенттің қандай да бір сипаттамаларды өзгертуге, КҚ жақсартуын/нашарлауын жүргізуге, КҚ-на қандай да бір жабдықты, құрылғыларды монтаждауға (демонтаждауға), жөндеуді жүзеге асыруға (күрделілік дәрежесіне қарамастан) немесе оны үшінші тұлғалардың жүзеге асыруын ұйымдастыруға құқығы жоқ.

2.37. Клиент КҚ сатуға, кепіл, салым ретінде енгізуге, кез келген өзге тәсілмен КҚ иеліктен шығаруға, Клиентке берілген КҚ иелену және пайдалану құқығын жоғалтуға немесе беруге, сол сияқты Шарт бойынша өзінің өзге де құқықтарын беруге құқығы жоқ.

2.38. Клиент ЖКО кезінде немесе кез келген өзге жағдайларда КҚ-ны зақымдаған жағдайда, дереу, 1 (бір) жұмыс күні ішінде тәуелсіз бағалау жүргізу және/немесе қарап тексеру уақыты мен күні туралы хабарлау, Жалға берушіге өкілетті органдардың материалдарын беру, сондай-ақ сотқа дейінгі іс-шараларды орындау үшін Алматы қ., Назарбаев даңғылы, 235 үй, 95 үй-жай, 5 қабат мекенжайы бойынша орналасқан, Жалға берушінің заңды жетелеуін жүзеге асыратын компания офисіне келуі тиіс. Клиент келмеген жағдайда, Жалға беруші өзі немесе үшінші тұлғалардың қызметтеріне жүгіне отырып, тәуелсіз бағалаушыны тарту арқылы зақымданған КҚ-ны өз бетімен қарап тексеруге, әлде зақымданған КҚ-ны жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын техникалық қызмет көрсету станциясында Ақаулар актісін жасауға құқылы, бұл ретте Клиент оның қатысуынсыз жүргізілген тәуелсіз бағалау нәтижелерімен және/немесе Ақаулар актісімен келіседі. Клиент мұндай құжаттың соттың немесе арбитраждың істі қарауы кезінде келтірілген зиянның құнын анықтайтын соңғы құжат болып табылатындығымен келіседі.

2.39. Жалға берушінің құқықтары:

2.39.1. Клиенттен Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды талап ету;

2.39.2. КҚ-да видео- және электрондық бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ Жалға берушінің КҚ қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Шарт талаптарының тиісті сақталуын бақылау мақсатында Клиенттің КҚ-ға кіру тәртібін анықтау;

2.39.3. Кез келген уақытта КҚ-ның мүліктік сақталуын қамтамасыз етуге, КҚ-ның техникалық жағдайына, Клиенттің Шарт талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыру;

2.39.4. Жалға беруші КҚ-ны одан әрі пайдалану қауіпті деп шешім қабылдаған жағдайда, Клиенттің Жалға алу сессиясын тоқтату, оның ішінде Клиентке балама КҚ-ын ұсыну;

2.39.5. Қолданылатын заңнаманың бұзылуына байланысты мәселелерді шешу мақсатында Клиенттің Дербес деректерін мемлекеттік органдарға беру;

2.39.6. Қызметтер құнына қатысты жеңілдіктерді, жалдау ақысының мөлшерін өзгертуді / немесе белгілі бір мерзімге жалдау ақысын алып тастау кіретін маркетингтік науқандар өткізу. Осындай науқандардың қағидалары Жалға берушінің Сайтында Интернет желісінде (https://anytime.kz) орналастырылады. Бұл жағдайда Шарт, Тарифтер осындай науқандардың қағидаларымен бірге қолданылады;

2.39.7. Кез келген құжаттарда Жалға берушінің уәкілетті тұлғасының қолын факсимильдік қайта көшіруді пайдалану (механикалық немесе өзге де көшіру құралдарының көмегімен). Тараптар осындай құжаттардың заңды күшін мойындайды;

2.39.8. Алдын ала берілген акцепт болған жағдайда Клиенттің қосымша келісімін алмай, акцептсіз тәртіппен Клиенттің бекітілген банк картасынан келесі сомаларды есептен шығару (ақша қаражатын аударуды жүзеге асыру):

- жалдау ақысын, және Шартқа және Тарифтерге сәйкес есептелген өзге де төлемдер, оның ішінде Айыппұлдар/Санкциялар;

- Шарттың орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына байланысты Клиентке хабарламаларды, мәлімдемелерді және құжаттарды жіберу кезінде туындайтын пошта-телеграф және Жалға берушінің өзге де шығыстары мен шығындары (оның ішінде комиссиялық);

- залалдар сомалары, оның ішінде залал мөлшерін Авариялық инспектор анықтаған жағдайда, Клиенттің Шарт бойынша Жалға беруші алдындағы берешек сомалары, сондай-ақ зиян келтіру салдарынан және Қолданылатын заңнамада көзделген өзге де негіздерден

туындаған кез келген өзге міндеттемелер бойынша, сондай-ақ Жалға берушінің Шартқа байланысты Клиенттің іс-әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан Жалға беруші шеккен шығыстарын өтеу сомалары;

- Қолданылатын заңнамада және Жалға беруші мен Клиент арасындағы шарттарда көзделген жағдайларда өзге сомалар;

- Клиент осы Банктік карталар иелерінің келісімінсіз үшінші тұлғалар алдында өздерінің банктік карталарын тіркегені үшін дербес жауап береді. Клиент Жалға берушінің бекітілген банк карталарына мониторинг жүргізбейтінін және оған техникалық мүмкіндігі жоқ екенін түсінеді және келіседі, өйткені эквайрингті мамандандырылған ұйымдар (контрагенттер) жүзеге асырады.

2.39.9. Клиенттің іс-әрекетінде арам ниеттілік болған деген күмәндіктер пайда болған жағдайда (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, жалған мәліметтер берген кезде, ақша қаражатын есептен шығару мүмкін болмаған жағдайда және т.б.) Клиентті бұғаттау себептері туралы хабардар етпей Клиенттің Anytime сервистерін толығымен немесе ішінара пайдалануы мүмкіндігін бұғаттау;

2.39.10. Осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға беру, сондай-ақ үшінші тұлғаларды Шарт бойынша, оның ішінде агенттік шарт негізінде жекелеген функцияларды орындауға тарту. Клиентті осы мән-жайлар туралы хабардар ету Жалға берушінің қалауы бойынша жүзеге асырылады;

2.39.11. Клиентпен сөйлесудің аудиожазбасын жүргізу (оның ішінде телефонмен сөйлесудің аудиожазбасы);

2.39.12. Клиент бекіткен банк картасынан сомаларды есептен шығарған кезде, осы Шарттың талаптарына сәйкес Клиентте төлем жасау міндеті туындайтын КҚ жалға алғаны үшін төлемдерді қоспағанда, әрбір төлем сомасының 10% мөлшерінде әкімшілік шығыстар сомасын ұстап қалу.

2.39.13. Шартта және оның қосымшаларында белгіленген, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелердің мәнінен туындайтын өзге де құқықтары бар.

2.40. <u>Жалға берушінің міндеттері:</u>

2.40.1. Көлік құралдарын пайдалану талаптарына жауап беретін, жиынтықталған және пайдалануға жарамды, қажетті құжаттамамен (көлік құралын тіркеу туралы куәлік, сақтандыру полисі) КҚ клиентке техникалық жарамды күйде беру; көрсетілген құжаттарды беру қандай да бір қосымша құжаттармен ресімделмейді, бірақ Қағидаларға сәйкес КҚ пайдалануға қабылдаумен бір мезгілде жүргізіледі. Бұл ретте Клиент техникалық жай-күйін ескере отырып, таңдалған КҚ-ны пайдалану туралы түпкілікті шешімді Клиенттің өзі қабылдайтындығын түсінеді және келіседі;

2.40.2. КҚ-ын ұстауға, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруға, сондай-ақ Шартта көзделген мақсаттарда оны пайдалануға байланысты туындайтын өзге де шығыстарды көтеру;

2.40.3. Клиентке Жалға берушінің сайтында, сондай-ақ Anytime мобильдік қосымшасында КҚ, олардың түрлері, жекелеген техникалық сипаттамалары, Тарифтер туралы ақпаратты орналастыру арқылы беру;

2.40.4. Өз есебінен, Қолданылатын заңнамаға сәйкес КҚ техникалық тексерулерден өткізуді уақытылы ұйымдастыру;

2.40.5. Клиенттің КҚ пайдалануы үшін КҚ жанар-жағармай материалдарымен (бензин, май және т.б.) өз есебінен қамтамасыз ету. Қағидаларда белгіленген жағдайларда және тәртіппен, КҚ жанармаймен толтыру кезінде Клиент Жалға берушінің жанармай картасын/карталарын пайдалану арқылы немесе Клиенттің есебінен Жалға беруші бонустар беруі мүмкін. Жалға беруші жалға алынған КҚ-ны ақшалай нысанда жанармаймен өздігінен толтыруға арналған Клиенттің шығындарын өтемейді.

2.41. Егер Тарап оған осы Шартта берілген қандай да бір құқықтарды пайдаланбаса, тиісті құқықтар тоқтатылмайды, және Тарап оларды одан әрі пайдалануға құқылы.

3. Қызметтердің құны және төлеу тәртібі

1.5. Есеп айырысу жүйесі: алдын-ала төлем. Егер пайдаланушы жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін КО-ны пайдалануды жалғастырған жағдайда, Компания жалдау мерзімін пакетте белгіленген ең төменгі жалдау мерзіміне (ол болған жағдайда) нақты ұзартқаны үшін алдын ала төлемді есептен шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Егер есептен шығару мүмкін болмаса, жалдау мерзімі ұзартылмаған болып саналады, жалдау аяқталады және компанияның КО-ны қайтару шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

1.6. Пакеттің қолданылу мерзіміне байланысты жалға алу сессиясының аяқталуының жеңілдетілген уақыты белгіленуі мүмкін. Жалға алу сессиясы мерзімінен бұрын аяқталған

жағдайда, жалға алу сессиясы аяқталғаннан кейін жеңілдікті уақыт пакеті бойынша Клиент нақты жалға алу минуттарының санына қарай есептелген нақты жалға алу құнын шегергенде КҚ-ын жалға алудың төленген құнын қайтаруға құқылы. Бұл ретте жалға алу құнын қайтару және клиенттің КҚ-ын жалға алудың нақты уақытының құнын төлеуі бір транзакциямен де (шегеріммен) де, екі транзакциямен де (бөлек қайтару және төлеу) жүргізілуі мүмкін. Қайтару автоматты түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

1.6.1. Жалға сессиясы мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда, пакетте көзделген жалға алу сессиясының аяқталу уақыты аяқталғаннан кейін, бірақ пакеттің қолданылу мерзімі мен алдын ала төленген жалға мерзімі аяқталғанға дейін Клиент клиенттің бонустық шотына болашақ сапарларға (бонустарға) жеңілдік түрінде КҚ-ын жалға құнының өтемақысын талап етуге құқылы (1 Бонус = 1 теңге есебінен), ал Клиенттің клиенттің ақша қаражатын қайтаруға өтініш жолдауы – теңгемен. Өтемақы (қайтару) нақты жалдау минуттарының санына қарай есептелген КҚ-ын жалдаудың нақты уақытының құнын шегергендегі КҚ-ын жалға алу құнына жатады. Бұл ретте КҚ-ын жалға алу құнын өтеу (қайтару) және клиенттің КҚ-ын жалға алудың нақты уақытының құнын төлеуі бір транзакциямен де (шегеріммен) де, екі транзакциямен де (қайтару және бөлек төлеу) жүргізілуі мүмкін.

1.7. Пакеттің басталуы: Пакет КҚ-ын жалға алу сессиясы басталған сәттен бастап жұмыс істей бастайды.

1.8. Пакеттің аяқталуы: Пакеттің жарамдылық мерзімі.

1.9. Пакетке енгізілген КҚ-ның максималды жүгірісінен асып кету Пакеттің шарттарына сәйкес тарифтеледі. Қосымша жүгірісті төлеу осы КҚ-ын жалға алу сессиясы аяқталғаннан кейін есептен шығарылады.

1.10. Егер Клиент Пакеттің қолданылу мерзімі аяқталған сәтте КҚ-ын пайдалануды жалғастырған жағдайда, асып кету уақытына Пакеттің шарттарында көзделген Пакеттің қолданылу мерзімінен асып кету тарифтемесі қолданылады.

1.11. Клиент жаңа Пакетті жарамды пакет аяқталғаннан кейін ғана сатып ала алады.

III. ҚОСЫМША ОПЦИЯЛАР

Қосымша опциялар ҚР АК 380-бабының 1-бөлігіне сәйкес Клиенттерге ұсынылуы мүмкін сервисті пайдаланудың арнайы шарттарын көздейді.

Қосымша опциялардың қолжетімділігін (оның ішінде оған қолжетімділікті тоқтатуды) Жалға беруші дербес айқындайды, оның ішінде мынадай факторлар негізінде: Клиенттің Жалға беруші алдында берешегінің болуы; сервисті пайдалану шеңберінде ЖКО фактілерінің немесе КҚ-ның өзге де зақымдануларының болуы; Anytime шартын және оған қосымшаларды бұзу фактілерінің болуы; көрсетілген мән-жайлардың туындау ықтималдығы, сондай-ақ басқа факторлар.

Опцияның бағасы оны қоспас бұрын Мобильді қосымшада көрсетіледі.

Опция бағасының анықтамасы опция қосылған тарифтің бағасына байланысты. Баға белгіленген құн, минут есебімен құн (теңге/мин.) түрінде немесе тарифке қолданылатын және арнайы формула бойынша есептелетін қосымша коэффициент түрінде ұсынылуы мүмкін. Қосымша опцияның шарттары бағаны есептеудің басқа әдістерін қарастыруы мүмкін.

Қол жетімді болған кезде қосымша опцияларды Мобильді қосымша арқылы қосуға болады. Қол жетімді және белсенді Қосымша опциялар Мобильді қосымшада көрсетіледі.

1. ҚОСЫМША САҚТАНДЫРУ

1.1. «Қосымша сақтандыру» қосымша опциясы Клиенттер үшін арнайы шарттарды көздейді: Шартқа сәйкес өтеу негіздері болған жағдайда, КҚ зақымдаған әрбір оқиға үшін Компанияның пайдасына Клиенттен өндірілетін залалдар мен айыппұлдар мөлшері базалық жауапкершілік шегінен тыс осы опциямен белгіленген белгілі бір мөлшермен шектеледі.

1.2. «Қосымша сақтандыру» опциясының өндіріп алу шегінің мөлшері (пайыздық қатынаста), сондай-ақ басқа да шарттар Компаниямен белгіленіп, Мобильді қосымшада көрсетіледі.

1.3. «Қосымша сақтандыру» опциясы келесі талаптарға толықтай сәйкес келетін Клиентке ғана қолжетімді:

- Автокөлікті жалға алу кезіндегі Клиенттің ең төменгі жасы – 18 жас;
- Қызметті пайдалану барысында Клиенттің қатысуымен ЖЖО немесе басқа да КҚ зақымдануы жағдайлары болмауы тиіс.

Клиент жоғарыда аталған талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеген жағдайда, «Қосымша сақтандыру» опциясы қосылмайды.

Опцияны қосу Клиентпен жалға алу Сессиясы басталғанға дейін жүзеге асырылады және осы опция қосылғаннан кейінгі жалға алу Сессиясына қолданылады.

1.4. Опцияны қосуға жол берілмейді:

- Ағымдағы жалға алу Сессиясы барысында осы КҚ-ға қатысты;
- Осы Клиенттің аталған КҚ бойынша алдыңғы жалға алу Сессиясы аяқталған сәттен бастап 5 сағат ішінде.

1.5. «Қосымша сақтандыру» қосымша опциясы Пайдаланушының ағымдағы жалға алу Сессиясында болған бір ғана ЖЖО жағдайында қолданылады.

1.6. Егер жалға алынған КҚ Клиенттің кінәсінен немесе Клиенттің тарапынан екіжақты кінә нәтижесінде залал келтірілсе (зақымдалса), «Қосымша сақтандыру» қосымша опциясы қолданылмайды.

IV. КҮЛГІН ЖӘНЕ ҚАРА АЙМАҚТАР

1. Жалпы ережелер

1.1. Жалға беруші жалға алу сессиясының аяқталуы жалға алу сессиясының құнының ұлғаюына әкеп соғатын аймақтарды (бұдан әрі – «Күлгін аймақтар», «қара аймақтар») айқындауы мүмкін.

1.2. Жалға беруші анықтайды:

- күлгін/қара аймақтарды аумақтық орналастыру;
- күлгін/қара аймақта аяқталған жағдайда жалға алу сессиясының құны өсетін құн;
- КҚ жекелеген түрлері үшін күлгін/қара аймақтарда жалға алу сессиясын аяқтауға шектеу;
- күлгін/қара аймақтар болған жағдайда КҚ жылжытудың басқа шарттары.

1.3. Тиісті мәліметтер Мобильді қосымшада орналастырылып, Клиентке жалға алу сессиясы басталғанға дейін танысу үшін қол жетімді.

2. Күлгін/қара аймақтар болған жағдайда КҚ жылжытудың жалпы шарттары

2.1. Жалға алу сессиясының құнын арттыру күлгін/қара аймақта аяқталған жағдайда жүзеге асырылады.

2.2. Сервисте күлгін/қара аймақтарды қолдану басталған сәттен бастап алғаш рет күлгін/қара аймақ шегінде жалға алу сессиясы аяқталған кезде КҚ жалға алу құнын арттыру жүзеге асырылмайды.

2.3. Күлгін аймақта жалға алу сессиясы аяқталған жағдайда клиентке күлгін/қара аймақта басталған және күлгін/қара аймақтан тыс аяқталған КҚ-ын жалға алудың келесі сессиясын жасаған кезде жеңілдік алу құқығы беріледі. Қара аймақта жалға алу сессиясы аяқталған жағдайда, Клиентке көрсетілген жеңілдік құқығы берілмейді.

2.4. Жеңілдік күлгін аймақта жалға алу сессиясының аяқталған құны өскен мөлшерде беріледі.

2.5. Жеңілдік жалға алу сессиясының құнын жеңілдік мөлшеріне (теңгемен) төмендетуге мүмкіндік береді, бірақ 97%-дан аспайды немесе жалға алу сессиясы үшін 5 теңге құнынан аспайды. Толық пайдаланылмаған жеңілдік басқа жалға алу сессияларына ауыстырылмайды және «күйіп кетеді».

2.6. Клиент келесі жағдайларда жеңілдікті қолдану құқығынан айырылады (жеңілдік «күйіп кетеді») :

- клиенттің пакетті сатып алуы;
- күлгін аймақтан тыс жалға алу сессиясының басталуы;
- күлгін/қара аймақта жалға алу сессиясын аяқтау;

- жеңілдік алу құқығын алу үшін негіздер басталған сәттен бастап 24 сағаттың өтуі (2.3-тармақ).

2.7. Осы тәртіпке сәйкес ұсынылатын жеңілдік Сервис шеңберінде ұсынылатын өзге жеңілдіктерге қатысты аз басымдыққа ие болады және басқа жеңілдіктер қолданылғаннан кейін қолданылады.

2.8. «Anytime» сервисі шеңберінде қолданылатын жеңілдіктер мен бонустар осы бөлімге сәйкес қолданылатын жалға алу сессиясы құнының ұлғаю мөлшерін азайтпайды.

3. Күлгін/қара аймақтар болған жағдайда КҚ жылжытудың арнайы шарттары

3.1. Арнайы шарттар жалпы шарттарды толықтырып, қолданылатын ережелерге басымдық беруде артықшылыққа ие. Арнайы шарттармен реттелмеген мәселелер жалпы шарттармен реттеледі.

3.2. X жалға алу сессиясының құнын ұлғайту көзделген Жалға алу сессиясы күлгін/қара аймақта басталған жағдайда, Y жалға алу сессиясының құнын ұлғайту көзделген Жалға алу сессиясы күлгін/қара аймақта аяқталған жағдайда:

3.2.1. егер X= =Y болса, онда жалға алу сессиясының құнын арттыру қолданылмайды, «жеңілдік күйіп кетеді» (2.6-тармақ), жеңілдік құқығы (2.4-тармақ) берілмейді;

3.2.2. егер X > Y болса, онда жалға алу сессиясының құнын арттыру қолданылмайды, жеңілдік «күйіп кетеді» (2.6-тармақ), жеңілдік құқығы (2.4-тармақ) берілмейді;

3.2.3. егер X<Y болса, онда жалға алу сессиясының құнының өсуі X пен Y арасындағы айырмашылыққа тең, жеңілдік «күйіп кетеді» (2.6-тармақ), жеңілдік құқығы (2.3-тармақ) сақталады.

Электрондық қол қою нысаны:

Қосылды (ҚР АК 389-бабы). Құжатқа Клиент Anytime Шартына сәйкес электрондық қолтаңбамен қол қойды (https://anytime.kz)

Жалға алушының ТАӘ:
Жалға алушының логині:
Жалға алушының ID:
Электрондық қолтаңба:

Anytime Шартына № 3 Қосымша

САНКЦИЯЛАР ЖҮЙЕСІ*

Бұзушылық		Айыппұл мөлшері
1	Жапсырмаларды өз бетінше жапсыру немесе Жалға берушінің Тауар белгісін алып тастау немесе көлік құралының сыртқы түріне басқа да зақым келтіру	60 000 теңге
2	Көлік құралында трекерді өз бетінше өшіру немесе зақымдау	800 000 теңге
3	Құжаттарды ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау, Шарттың 2.35.9-2.35.16 тармақтарында көрсетілген талаптарды орындамау	50 000 теңге
4	Клиенттің көлік құралын (соның ішінде жалға алынған көлік құралын) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе басқа да масаю күйінде жүргізуі, сондай-ақ масаю күйін анықтау мақсатында куәландырудан өтуден бас тартуы.	1 000 000 теңге
5	Көлік құралын Шарттың 2.5-тармағын бұза отырып пайдалануы	50 000 теңге
6	Көлік құралын жүргізуді алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе басқа да масаю күйіндегі немесе масаю күйін анықтау мақсатында куәландырудан өтуден бас тартқан адамға беруі (жол беруі), сондай-ақ көлік құралын жүргізуді көлік құралын жүргізуге құқығы жоқ адамға (сондай-ақ көлік құралын жүргізу құқығынан айырылған Клиенттің өзіне), соның ішінде кәмелеттік жасқа толмаған, әрекетке қабілетсіз, медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамға беруі (жол беруі).	1 000 000 теңге
6.1	Аккаунтты және/немесе мәліметтерді беру, сондай-ақ көлік құралын үшінші тұлғалардың пайдалануына және/немесе жүргізуіне жол беретін басқа да жағдайларды жасау.	200 000 теңге
7	Көлік құралын (көлік құралын пайдалану режиміне қарамастан) Рұқсат етілген аймақ шегінен тыс жерде, сондай-ақ жалпы кіру мүмкіндігі жоқ аумақта, жабық, ақылы немесе арнайы тұрақ не алаң аумағында, кіру үшін рұқсат алу қажет болатын аумақта қалдыруы, Қолданылатын заңнаманы (соның ішінде жол қозғалысы ережелерін) бұза отырып қалдыруы (Шарттың 5.20-тармағы)	20 000 теңге және Жалға берушінің КҚ осы аймақтан қайтаруға жұмсаған шығындарының ақылға қонымды көлемде белгіленген өтемі
8	Көлік құралын (көлік құралын	Әрбір анықталған

	пайдалану режиміне қарамастан) көгалда немесе жасыл көшеттер отырғызылған басқа да аумақта, сонымен қатар, абаттандыру ережелерін, сондай-ақ табиғатты қорғау жөніндегі Қолданылатын заңнама талаптарын, соның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі талаптарды бұза отырып қалдыруы**.	эпизод үшін 700 000 теңге
9	Көлік құралын (көлік құралын пайдалану режиміне қарамастан) Әуежайлар аумағында көлік құралын орналастыру ережелерінің талаптарын (сондай-ақ тиісті тұрақтарда (көлік құралын қалдыру орындарында) белгіленген шарттарды, ережелер мен талаптарды) бұза отырып қалдыруы.	50 000 теңге
10	Клиенттің әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан көлік құралы эвакуацияланған жағдайда; Клиенттің кінәлі әрекеттері нәтижесінде жоғалған немесе алынған жағдайда	50 000 теңге және Жалға берушінің КҚ ол тұрған жерден (соның ішінде арнайы тұрақтан немесе алаңнан) қайтаруға, МТНБ қалпына келтіру, қайта ресімдеу және т. б. жұмсаған шығындарының ақылға қонымды көлемде белгіленген өтемі
10.1	Рұқсат етілген Жалға алу аймағынан тыс шығу	50 000 теңге
11	КҚ оған зақым келтірілуі, басқа біреудің айдап әкетуі, КҚ, оның ішіндегі заттар ұрлануы, КҚ қатысты басқа да заңсыз әрекеттер жасалуы мүмкін жағдайда қалдыруы, соның ішінде КҚ қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған, терезелері/есіктері/жүксалғышы/капоты ашылған/зақымдалған күйде қалдыруы.	70 000 теңге
12	КҚ құжаттардың (КҚ тіркеу туралы куәлік және сақтандыру полисі, КҚ (көлік құралының қобдишасындағы, күңқағарындағы) басқа да құжаттар, жанармай картасы/карталары) жоғалуы немесе бүлінуі. Стандартты автокөлік жинағының (медициналық дәрі қобдишасы, өрт сөндіргіш, апаттық тоқтау белгісі/жыпылықтайтын қызыл шам), аксессуарлар мен қосымша жабдықтың, соның ішінде кілемшелердің, КҚ кілттерінің, арнайы жабдықтың (Шарттың 2.8.7-тармағы),	20 000 теңге 20 000 теңге және жоғалған құжаттар мен заттарды қалпына келтірумен (алумен), көрсетілген аксессуарларды, жабдықтар мен құрылғыларды қалпына келтірумен (сатып алумен)

	КҚ тіркеу белгілерінің жоғалуы.	байланысты шығындарды өтеу
13	КҚ ластануы	15 000 теңге + Жалға берушінің КҚ химиялық тазалауға және жинауға жұмсалған шығындарын 100% өтеу + 20% әкімшілік шығындар
13.1	КҚ қоқыс қалдыру, темекі шегу, электронды сигареттерді (соның ішінде темекісіз), бу генераторларын (вейптерді және сол сияқтыларды), қорқорды (соның ішінде темекісіз), азоттың шала тотығын (медициналық көрсетімдер болған кезде тұтынудан басқасында) пайдалану	15 000 теңге + Жалға берушінің КҚ химиялық тазалауға және жинауға жұмсалған шығындарын 100% өтеу + 20% әкімшілік шығындар
14	Жалға берушінің Клиент жанармай құю кезінде КҚ багын толтырған жанармай мөлшерінің жанармай картасы/карталары бойынша немесе Клиент бонустарды есептеу үшін ұсынған чек бойынша берілген жанармай мөлшерінен аз екенін анықтауы.	Клиент бонустарды алмайды, сондай-ақ Жалға берушіге мына мөлшерде айыппұл төлеуге міндеттенеді: а) 30 000 теңге – Anytime бағдарламалық жасақтамасының деректері бойынша құйылған жанармай мөлшері жанармай картасы/карталары бойынша немесе Клиент ұсынған чек бойынша берілген жанармай мөлшерінен 2 литрден 10 литрге дейін аз болған жағдайда; б) 70 000 теңге – Anytime бағдарламалық жасақтамасының деректері бойынша құйылған жанармай мөлшері жанармай картасы/карталары бойынша немесе Клиент ұсынған чек бойынша берілген жанармай

		мөлшерінен 11 литрге және одан көп мөлшерге аз болған жағдайда.
15	Клиенттің Шарттың 2.35.23-тармағын бұзуы	15 000 теңге
16	Клиенттің КҚ-на АИ-92 маркасынан төмен жанармай құюы, бұл КҚ істен шығуына алып келмеген жағдайда	50 000 теңге
17	Клиенттің КҚ дизель отынын құюы, бұл КҚ істен шығуына алып келген жағдайда	Залалды өтеуге қосымша, 100 000 теңге көлеміндегі айыппұл
18	Клиенттің Жалға беруші қызметкерлерінің, оның туыстарының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, былапыт немесе қорлау сөздері жазылған хабарламаларды жіберуі немесе көрсетілген әрекетті ауызша түрде жасауы.	Әрбір оқиға үшін 15 000 теңге
19	Бұғатталған Клиенттің Есептік жазбаны бұғаттау себептерін жоюды айналып өтіп, Жалға берушінің қызметтерін пайдалануға, соның ішінде жаңа/қосымша Есептік жазба жасау арқылы әрекет жасауы, Anytime шартын жасасуға қайта әрекеттенуі	200 000 теңге
20	Шартта қарастырылған төлемдердің мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлдар	Мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін берешек сомасының 1 %-ы
21	Әкімшілік айыппұл сомасын 2 күн ішінде төлемегені үшін біржолғы айыппұл	Әкімшілік айыппұлдың толық мөлшерінің 50 %-ы
22	Қолданылатын заңнамада көзделген жылдамдық режимін бұзу (көлік құралында орнатылған GPS қадағалау құралдары арқылы тіркелген): - Жылдамдықты сағатына 120 км-ге дейін арттыру - Жылдамдықты сағатына 120-140 км-ге арттыру - Жылдамдықты сағатына 140 км-ден жоғары шамаға арттыру 1 жыл ішінде қайталанған бұзушылық, қарастырылған айыппұлдың 100%-ы қосымша төленеді.	25 000 теңге 70 000 теңге 150 000 теңге
23	Автокөлікті (әрі қарай пайдаланбастан) қалдыру, сондай-ақ көлік құралын жалға алуды бос отын бағымен аяқтау.	20 000 теңге
24	Көлік құралын (көлік құралын пайдалану режиміне қарамастан) оған зақым келтірілуі/жол қозғалысының басқа қатысушылары үшін жолда апаттық жағдай тудыруы мүмкін болатын жағдайда бос бакпен қалдыру.	50 000 теңге

*- Айыппұл төлеу Клиентті шығындарды және/немесе залалды өтеу міндетінен босатпайды. Айыппұл (санкция) әкімшілік айыппұл болып табылмайды және осы Шарттың ережелерін бұзғаны үшін тараптармен келісілген талап (санкция) ретінде қарастырылады.

** - Клиент Жалға берушінің талап етуі бойынша бұзушылықты жою үшін мүмкін болатын барлық әрекеттерді уақтылы қабылдаған (соның ішінде көлік құралын рұқсат етілген тұрақ орнына уақтылы ауыстырған), әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы/әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны (оны жасау қажет болған жағдайда) ресімдеуге өзінің қатысуын қамтамасыз еткен, Жалға берушінің көлік құралын пайдалану кезеңінде бұзушылыққа жол беру фактісін растаған, мемлекеттік орган қабылдаған қаулыға/хаттамаға шағым жасаудың барлық рәсімдеріне қатысқан, мемлекеттік органның тиісті қаулысына/хаттамасына шағым жасаумен байланысты Жалға берушінің өзге де талаптарын орындаған жағдайда көрсетілген Айыппұл қолданылмайды.

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime Шартына № 4 қосымша

Anytime шартына №_____ ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ РАСТАМА

_____ (*бұдан әрі – Клиент*)
(тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат (ұсынылған) _____сериясы нөмірі_____, «_____»_____ _____ ж. _____ (*кім берді*) берілген, к/п_____.

Клиенттің тұрғылықты жері бойынша тіркелген мекенжайы: _____,

Жүргізуші куәлігі (ұсынылған) «___»_____ж. _____

Тек Клиенттің ғана қолжетімділігі бар Клиенттің телефоны:_____ ,

Клиент құпия сақтауға міндеттенетін, Клиентке белгілі құпиясөз арқылы қол жеткізу жүзеге асырылатын Клиенттің E-mail: _____,

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, «Ди-Мобилити Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 180640011180) (бұдан әрі - «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС) https://anytime.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС-мен Anytime шартына (бұдан әрі - Шарт) қосылу туралы хабарлайды. Растау Клиент Anytime сервисінде белсендірілген кезде күшіне енеді.

Осымен Клиент Шарт жасалғанға дейін оның Шарттың ережелерімен және оның барлық ажырамас бөліктерімен (Шарт қосымшаларымен) «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС-нің https://anytime.kz мекен-жайы бойынша Интернет желісіндегі сайты арқылы танысқанын растайды.

Осымен Клиент Интернет желісінде https://anytime.kz мекенжайы бойынша жарияланған «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС-нің Шарт талаптарымен (оның қосымшаларымен), оның ішінде Тарифтермен және Айыппұлдармен (Шарттың ажырамас қосымшасы болып табылатын) өз келісімін растайды және олардың талаптарын орындауға міндеттенеді.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУГЕ КЕЛІСІМ

Клиент:

(а) Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына (бұдан әрі «Заң») және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі бірлесіп «Қолданылатын заңнама») сәйкес «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-нің (БСН 180640011180) ол берген (сондай-ақ кез келген үшінші тұлғалардан алынған) өз дербес деректерін жинауға, өңдеуге (ол төмендегі (с) тармағында белгіленгендей) және қорғауға өз келісімін береді: (1) тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген жағдайда), және (2) туған күні, айы мен жылы, және (3) туған жері, және (4) жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), тек Қазақстан азаматтары және (немесе) азаматтығы жоқ тұлғалар үшін, және (5) жеке басын куәландыратын (немесе оны алмастыратын) құжатты берген орган, ол берілген күні және оның қолданылу мерзімі, сериясы мен нөмірі, және (6) тұрғылықты жері бойынша тіркелген

мекенжайы туралы мәліметтер, және (7) жүргізуші куәлігінің деректері (берген орган, берілген күні мен қолданылу мерзімі, сериясы мен нөмірі, басқару үшін рұқсат етілген санаттар), және (8) байланыс деректері, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, және (9) көлік құралын пайдалануға медициналық қарсы көрсетімдердің болуы (болмауы) туралы деректер, және (10) фотосурет, және (11) жұмыс орны және атқаратын лауазымы туралы деректер, және (12) Клиенттің геолокация деректері (навигациялық деректері), және (13) Пайдаланушы келісімін жасауға және орындауға байланысты немесе құрылуы мүмкін кез келген өзге де дербес деректер (Интернет желісінде https://anytime.kz мекенжайы бойынша орналасқан қосылу шарты (бұдан әрі - Шарт) және (немесе) мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану мүмкіндігін (бұдан әрі - Дербес деректер) қамтамасыз ететін, «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС минут сайын/тәулік сайын жалға беру (каршеринг) қызметтерін көрсету үшін пайдаланатын бағдарламалық жасақтаманы пайдалану туралы келісімдер (бұдан әрі - лицензиялық/пайдаланушылық келісімдер), және мұндай келісім бере отырып, өз еркі бойынша және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды. **(b)** Клиент келісімді мына мақсаттар үшін береді: (1) Шартты, сондай-ақ лицензиялық (пайдаланушылық) келісімдерді жасасу (оларға қосылу) және орындау, (2) «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-нің қосымша қызметтер көрсетуі, (3) «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС өткізетін науқандарға, сауалнамаларға, зерттеулерге (электрондық, телефон және ұялы байланыс арқылы сауалнамалар, зерттеулер жүргізуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) қатысуы, (4) Клиентке немесе басқа тұлғаларға қатысты заңды салдарды туғызатын шешімдер қабылдау немесе өзге де әрекеттер жасау, (5) Клиентке «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС және оның серіктестері көрсететін қызметтер туралы, оның ішінде Клиенттің Шартты орындау үшін өзге тұлғалармен бұдан әрі шарттарды/келісімдерді жасасуы мақсатында ақпарат беру, (6) Шарттың талаптары бұзылған кезде, оның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып, берешекті өндіріп алуды ұйымдастыру, (7) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға жол берген тұлғаны анықтау, және (8) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына олардың сұрау салулары бойынша және Қолданылатын заңнамада көзделген олардың құзыреті шегінде тиісті мәліметтерді ұсыну, және осы Келісімнің (a) тармағында көрсетілген ақпаратқа қолданылады. **(c)** Клиенттің дербес деректерін өңдеуді «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС жоғарыда (b) тармағында аталған мақсаттардың әрқайсысына жету үшін қажетті көлемде аралас өңдеу (автоматтандырылған, сондай-ақ автоматтандыру құралдарын пайдаланбай) жолымен келесі ықтимал тәсілдермен жүзеге асыра алады: жазу (оның ішінде электрондық тасығыштарға), жүйелеу, жинақтау, сақтау, тізбелерді жасау, таңбалау, нақтылау (жаңарту, өзгерту, толықтыру), шығарып алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), иесіздендіру, бұғаттау, жою, суретке түсіру жолымен бейнені алу, сондай-ақ Қолданылатын заңнамада тікелей тыйым салынбаған Клиенттің Дербес деректерімен кез келген өзге де әрекеттерді жүзеге асыру. **(d)** Клиент өзінің Дербес деректерін өңдеуге берілген келісімні «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС-нің Клиентті Дербес деректерін алған сәттен бастап сақтау мерзімі жетпіс бес жыл екенін және осы мерзім ішінде әрекет ететінін растайды. **(e)** Клиент келісімді кері қайтарып алу сәтіне дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС-не тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы өз келісімін кері қайтарып алуға құқылы, бұл ретте Заңға сәйкес келісім, егер бұл кері қайтарып алу заңға қайшы келетін болса, не Клиент «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС алдында орындамаған міндеттемелері болған кезде кері қайтарып алынбайды **(f)** Клиент «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС-нің, Клиент тарапынан қосымша келісім алмай, оған қажетті көлемде және жоғарыда (b) тармағында көрсетілген мақсаттарға жету үшін, Дербес деректерді үшінші тұлғаларға, олардың агенттеріне және (немесе) олар уәкілеттік берген өзге тұлғаларға ашуға (толық немесе ішінара), сондай-ақ мұндай тұлғаларға Қолданылатын заңнама талабын сақтай отырып, құрамында Дербес деректері бар тиісті құжаттарды ұсынуға құқылы екендігін мойындайды және растайды: (1) Шартта және (немесе) лицензиялық келісімдерде көзделген жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) үшінші тұлғаларды тарту кезінде; (2) «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-не оның функциялары мен өкілеттіктерін өзге тұлғаға берген кезде, оның ішінде басқаға беру мүмкіндігін қарау және Шарт бойынша құқықтарды басқаға беру туралы шешім қабылдау үшін, не өндіріп алу бойынша қызметтер көрсету кезінде және т.б., (3) үшінші тұлғаларды құрамында Дербес деректері бар база операторлары

ретінде тартқан кезде (оның ішінде оларды жинау, өңдеу немесе сақтау үшін), (4) Қолданылатын заңнамаға қайшы келмейтін тәртіппен Дербес деректерді трансшекаралық беру, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беру арқылы, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: «Каршеринг Руссия» ЖШҚ (Ресей Федерациясы), НМТН 1157746288083, «ЭНИТАЙМ» ЖШҚ (Ресей Федерациясы), НМТН 1127746673988, «Каршеринг Клуб» ЖШҚ (Беларусь Республикасы), СТЕН: 193059414, Ди-Мобилити Ворлдвайд а.с. тіркеу нөмірі 06933629,), сондай-ақ кез келген үшінші тұлғаларға және кез келген осындай үшінші тұлғалардың (бұдан әрі бірлесіп «Серіктестер») мына мақсаттарда дербес деректерді өңдеуге және беруге құқығы бар: (1) қосылу шартын немесе Серіктеспен өзге де үлгілік шартты және (немесе) Серіктес минут сайын/тәулік сайын жалға алу (каршеринг) қызметтерін көрсету үшін пайдаланатын бағдарламалық жасақтаманы пайдалану туралы келісімдерді, сондай-ақ лицензиялық (пайдаланушылық) келісімдерді жасасу (қосылу) және орындау үшін; (2) Серіктестің қосымша қызметтер көрсетуі, (3) Серіктес өткізетін науқандарға, сауалнамаларға, зерттеулерге (электрондық, телефон және ұялы байланыс арқылы сауалнамалар, зерттеулер жүргізуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) қатысу; (4) Клиентке немесе басқа тұлғаларға қатысты заңды салдар туғызатын шешімдер қабылдау немесе өзге де әрекеттер жасау, (5) Клиентке Серіктес көрсететін қызметтер туралы ақпарат беру, оның ішінде Серіктеспен шарттарды/келісімдерді орындау үшін Клиенттің одан әрі өзге тұлғалармен шарттар/келісімдер жасасу, (6) шарттардың талаптары бұзылған кезде, оның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып, берешекті өндіріп алуды ұйымдастыру, (7) Серіктес орналасқан елдің заңнамасын бұзуға жол берген тұлғаны анықтау, және (8) Серіктес орналасқан елдің уәкілетті мемлекеттік органдарына олардың сұрау салулары бойынша және Серіктес орналасқан елдің заңнамасында көзделген олардың құзыреті шегінде тиісті мәліметтерді ұсыну, және осы Келісімнің (а) тармағында көрсетілген ақпаратқа қолданылады. **(g)** Клиент Дербес деректерді өңдеуге осы келісімнің оның кез келген үшінші тұлғаларға, тиісті өзгерістерді ескере отырып берілген деп есептелетінін мойындайды және растайды, және кез келген осындай үшінші тұлғалар осы келісім негізінде, оның ішінде Дербес деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді өңдеуге құқылы. **(h)** Клиент «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС Клиентпен жасалған Шарттар, лицензиялық келісімдер бойынша үшінші тұлғаларға құқықтарды беру мәселелерін қараған жағдайда, не Клиенттің берешегін өндіріп алуға бағытталған іс-әрекеттерді жасау үшін үшінші тұлғаларды тартқан жағдайда, оның Дербес деректерін және оның Шарты және (немесе) лицензиялық / пайдаланушылық келісімдері туралы деректерін осындай үшінші тұлғаларға беруге келісім Клиент «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС-не берген болып есептелетінін мойындайды және растайды. Осы Шарт бойынша құқықтарды басқаға берген жағдайда «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС Клиентке бұл туралы хабарлама жібермеуге құқылы. Осымен Клиент осы тармаққа сәйкес «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС-мен жасалған шегіну туралы қандай да бір хабарлама алмауға келіседі. Клиент үшінші тұлғамен (оның ішінде Клиенттің отбасы мүшелерімен, туыстарымен, Клиентпен бірге тұратын басқа тұлғалармен, көршілермен және басқа да кез келген жеке тұлғалармен) оның мерзімі өткен берешегін қайтаруға бағытталған өзара іс-қимыл жасауға өз келісімін береді. (і) «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС және (немесе) Шартты орындау үшін талап етілетін қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау үшін ол тартқан үшінші тұлғалар, оның ішінде Дербес деректері бар база операторлары ретінде үшінші тұлғаларды тартқан кезде, Клиентке оның Дербес деректерін кімге де беретіні туралы хабарлауға міндетті емес, бұл туралы Клиент осы Шартқа қосылу фактісімен өзінің сөзсіз келісімін береді. Клиент әрекет қабілеттілігі шектелмегенін (а), есірткілік, уытқұмарлық, алкогольдік масаң күйде болмағанын, денсаулық жағдайы бойынша өз құқықтарын жүзеге асыра және қорғай алатындығын және міндеттерін орындай алатындығын, қол қойып отырған келісімнің мәнін түсінуге кедергі келтіре алатын аурулармен ауырмағанын растайды. Сонымен қатар жаңылысу, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, зұлымдық келісім немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы ықпалында болмайтынын растайды. Келісім Клиенттің нақты ерік білдіруіне сәйкес келеді, Заңның мәні мен мағынасы, құқықтық салдары, сондай-ақ мазмұны түсінікті.

Клиент:

_____/ /_/

(қолы) *(тегі, аты-жөні)*

Осы Anytime шартына қосылу туралы растама «_____» _____ _____жылы қабылданған. Қосылу туралы растаманы тексеріп, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың және жүргізуші куәлігі көшірмелерін алдым:

_____ _____ _____

(лауазымы) *(тегі, аты-жөні)* *(қолы)*

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime Шартына № 5 қосымша

КҚ ҚАЛЫПТЫ ТОЗУЫН АНЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Осы КҚ қалыпты тозуын анықтау жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) КҚ жай-күйінің минималды стандарттары белгіленген, олар «автомобильдің қалыпты тозуы» ретінде айқындалады.

Жалға беруші қалыпты тозудың және зақымдану себептерінің бағалауын Шарттың 2.8.8-тармағына сәйкес жүзеге асырады, және оның ішінде КҚ пайдалану мерзіміне, сипатына, КҚ нақты жүрген қашықтығына байланысты болады. Бұл мән-жайлар КҚ жай-күйін анықтау кезінде ескеріледі. Сонымен қатар, КҚ-ның бірқатар зақымданулары КҚ-ын әдеттегі пайдалану кезінде мүмкін болатын тозу шеңберінен шығады. Кез келген жағдайда ЖКО нәтижесінде зақым алу қалыпты тозу болып таба алмайды.

Зақымдану сипаты

Қолайлы	Қолайсыз
Шанақ және ЛБЖ	
Егер механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда 10 см-ге дейінгі кетіктер және сызаттар Егер механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда 2 см-ге дейінгі үйкеленген жерлер және қажақ тозу іздері; 2 см дейінгі ішіне майысқан жерлер, бөлшекте екі майысқан жерден артық болмау шартпен; Тастардан жасалған кішкене кетік учаскелері, бөлшектің бетінің 25%-дан артық зақымдамағаны және кетіктер астында коррозия жоқ болған шартпен; Коррозияны болдырмау үшін дұрыс өңделген кетіктер	10 см асатын кетіктер мен сызаттар; 2 см асатын үйкеленген жерлер және қажақ тозу іздері; Механикалық жылтыратумен жойылуы мүмкін емес кетіктер, сызаттар, үйкеленген жерлер және қажақ тозу іздері; 2 см асатын ішіне майысқан жерлер; Бөлшекте екі майысқан жерден артық; Коррозия іздері бар ішіне майысқан жерлер, үйкеленген жерлер, сызаттар; бөлшек бетінің 25 %-дан астамын алатын кетіктер (тастардан); Түсінде айырмашылығы көрінетін сапасыз бояу; Шанақты сапасыз жөндеу; Кез келген түрдегі зақымдану нәтижесіндегі коррозия; Сыртқы әсер ету нәтижесінде түстің өзгеруі (химиялық заттар, өсімдіктер, жануарлардың және құстардың нәжісі және т. б.)
Радиатор торы және бампер	
10 см-ге дейінгі кетіктер және сызаттар, олар механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда; 2 см-ге дейінгі үйкеленген жерлер және қажақ тозу іздері, олар механикалық	10 см-ден астам немесе егер олар механикалық жылтыратумен жойылуы мүмкін болмаса сынықтар өлшеміне қарамастан кетіктер мен сызаттар; 2 см-ден асатын үйкеленген жерлер және қажақ тозу іздері, егер олардың механикалық

жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда; Текстураланған немесе боялмаған бамперлер үшін: 10 см дейінгі сызаттар мен қажамалар қолайлы деп саналады; Текстураланған немесе боялмаған бамперлер үшін: 2 см дейінгі үйкеленген жерлер мен қажақ тозу іздері қолайлы деп саналады; 2 см дейінгі ішіне майысулар, бамперде немесе радиатор торында 2 майысқан жерден көп емес; Сыртқы әсердің, мысалы, ауа райы факторлары нәтижесінде түстің өзгеруі	жылтырату арқылы жойылуы мүмкін болмаса; Боялған бамперлер үшін: механикалық жылтыратумен жойылуы мүмкін кетіктер, сызаттар, үйкеленген жерлер және қажақ тозу іздері; Сынған, жарылған немесе деформацияланған радиаторлар торлары мен бамперлер; 2 см асатын ішіне майысқан жерлер; Бамперде немесе радиатор торында екіден артық майысқан жер; химиялық заттарды дұрыс пайдаланбау және сыртқы әсерлердің (өсімдіктер, жануарлар, құстар нәжісі және т.б.) нәтижесінде зақымданулар.
Шиналар мен дискілер	
Жазғы резеңке үшін кемінде 1,6 мм, қысқы резеңке үшін – 4 мм, Қолданылатын заңнаманың нормативтік талаптарына сәйкес келеті протекторы бар, протектордың қалдық тереңдігі жеткілікті шиналар; Қалпақтың, болат немесе тез балқитын дискінің бетінде: 10 см-ге дейінгі бір сызат, үйкеленген жер немесе қажақ тозудың ізі; Болат немесе тез балқитын дискінің көмкеруінде: 10 см-ге дейінгі бір сызат, үйкеленген жер немесе қажақ тозудың ізі	10 см асатын сызаттар, үйкеленген жерлер немесе қажақ тозу іздері; Жиектасты соғудан туындаған шина деформациясы; Шиналардағы ісінулер, жарықтар немесе кесіктер; Қапталдың немесе протектордың зақымдануы; Шиналарды бөгде заттармен тесу; Сынған немесе деформацияланған қалпақ, болат немесе жеңіл балқитын диск; Болат немесе тез балқитын дискідегі коррозия
Әйнектер және сыртқы жарық аспаптары	
1 см аспайтын және алдыңғы әйнектің А аймағында (әйнектің ені 290 мм орталық бөлігі) орналаспаған тастардан жасалған кетіктер; Бас жарық фараларының, тұманға қарсы фаралардың немесе бұрылу көрсеткіштерінің бетіндегі тастардан жасалған, өтпелі емес және жұмыс қабілетіне әсер етпейтін кетіктер	Сынған әйнек немесе сыртқы жарық аспаптары; Сыртқы жарық аспаптарындағы олардың функцияларын шектейтін жарықтар немесе кетіктер. Барлық шамдар дұрыс жұмыс істеуі керек; Өздігінен жағылған күннен қорғау немесе қараңғылайтын жолақтар, егер оларды білікті маман салмаған болса, жыртылған болса немесе маңдайалды әйнектің бұрыштары бойынша ажыратыла бастаса, маңдайалды әйнектен және алдыңғы әйнектерден, барлық әйнектерден, толығымен жойылуы тиіс; 1 см астам және/немесе А аймағындағы кетіктер мен жарықтар

Айналар және сыртқы әрлеу	
Айналардың боялған корпустары: 5 см-ге дейінгі үйкеленген жерлер және сызаттар, олар механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда; айналардың текстураланған немесе боялмаған корпустары үшін: 5 см-ге дейінгі үйкеленген жерлер, сызаттар және қажамалар	Айналардың боялған корпустары: 5 см артық үйкеленген жерлер мен сызаттар немесе механикалық жылтыратумен жойылуы мүмкін емес кез келген үйкеленген жерлер мен сызаттар; Айналардың текстураланған немесе боялмаған корпустары үшін: 5 см асатын үйкеленген жерлер, сызаттар және қажамалар Деформацияланған немесе сынған айналар және/немесе айналар корпустары
Салон	
Салонды әдеттегі тазалаумен (жуусыз) жоюға болатын отырғыштардағы, ішкі қаптаудағы, резеңке немесе мата кілемшелердегі ластанулар мен дақтар; Әдеттегі пайдалану нәтижесінде тозу іздері мен ішіне майысулар бар отырғыштар; Күнделікті пайдалану және тозу нәтижесінде панель түсінің өзгеруі	Жууды немесе арнайы химиялық тазалауды талап ететін отырғыштардағы, ішкі қаптаудағы, резеңке немесе мата кілемшелердегі ластанулар мен дақтар; Салонның, ішкі қаптау материалдарының, резеңке және мата кілемшелерінің кесіктері, қажақ тозу іздері, жарылулары, тесіктері және өзге де зақымданулары мен деформациялары; Жабдықтарды жойғаннан кейін консольдағы тесіктер; Руль дөңгелегіндегі кесіктер, кертіктер немесе үзілген тігістер; Жою үшін арнайы тазалауды талап ететін жағымсыз иістер

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime Шартына № 6 қосымша

КҚ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ АУМАҚТЫҚ ШЕКТЕУЛЕР

I. РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН АЙМАҚТАР

II. «АЛМАТЫ» РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН АЙМАҒЫ

1. КҚ қозғалысына, сондай-ақ КҚ-ын «Күту» режимінде қалдыруға Мобильді қосымшадағы картада сары нүктелі сызықпен айқындалған «Алматы» рұқсат етілген аймағы шегінде жол беріледі.

2. Жалға алу сессиясын аяқтауға Мобильді қосымшадағы картада боялған жартылай мөлдір біркелкі фон түрінде және жасыл сызықпен белгіленген «Алматы» рұқсат етілген аймағы шегінде жол беріледі.

3. КҚ-ның қозғалуына, қалдырылуына (аялдау, тұру, оның ішінде «Күту» режимінде немесе Жалға алу сессиясы аяқталған кезінде) заңнамада, оның ішінде ЖҚЕ-нда, сондай-ақ Шартта (оның қосымшаларында) белгіленген талаптарды сақтай отырып, ЖҚЕ-на сәйкес жеңіл КҚ-ның аялдауына (аялдау үшін) немесе тұруына (тұру үшін), тегін қойылуына (тұруына) шектеусіз (оның ішінде КҚ санаты бойынша немесе уақыт бойынша) жол беріледі. КҚ-ын ЖҚЕ-ні бұза отырып, жер асты тұрақтарында, тротуарларда, жабық немесе мамандандырылған тұрақ аумағында, жекеменшік тұрақ аумағында, кіру үшін рұқсат қажет аумақта, сол сияқты рұқсат беру мүмкіндігі шектеулі аумақтарда (оның ішінде еркін кіруді/шығуды шектейтін құрылғылармен жабдықталған), аялдау/тұру (тегін аялдау/тұру) уақытша (белгілі бір сағатта, күндері) жол берілетін орындарда, Жалға берушінің деректері бойынша ГЛОНАСС/GPS және(немесе) Интернет желісіне, және(немесе) ұялы байланыс желісіне қол жеткізу болмаған немесе қиындатылған орындарда, мүгедектерге арналған, жүк КҚ арналған тұрақ орындарында, ақылы қалалық тұрақ аймағына кірмейтін ақылы тұрақ аумағында қалдыруға (аялдауға, тұруға) кез келген жағдайда жол берілмейді.

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime Шартына № 7 қосымша

ШАРТТАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ
ӨТІНІШ

_____
(тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

_____ (*бұдан әрі – Клиент*)

Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат _____сериясы _____ берілген _____нөмірі,

_____
(кім берді)
«_____» _____ж. _____.
(қашан берілген) (бөлімше коды)

Клиенттің тұрғылықты жері бойынша тіркелген мекенжайы:

_____,

Жүргізуші куәлігі «___»_____ж. _____

Тек Клиенттің ғана қолжетімділігі бар Клиенттің телефоны: _____,

Клиент құпия сақтауға міндеттенетін, Клиентке белгілі құпиясөз арқылы қол жеткізу жүзеге асырылатын клиенттің E-mail:_,

Шарттың 6.6. тармағына сәйкес, «Ди-Мобилити Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 180640011180) «_» 20 ж. бастап Anytime шартынан бас тарту туралы хабарлаймын.

_____
(*қолы*)

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime шартына № 8 (1) Қосымша

Көлік құралын қабылдау-тапсыру актісі

{күні, уақыты}

«Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС (БСН 180640011180), бұдан әрі – «Жалға беруші» деп аталып, Қоғамның Жарғысы негізінде әрекет ететін {_____} атынан, бір тараптан, және … бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталып, екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіге қол қойды:

1. Anytime шартына (https://anytime.kz), оған қосымшаларға сәйкес - Актіге қол қойылған сәттегі редакцияда Жалға беруші келесі көлік құралын тапсырады, ал Жалға алушы оны қабылдайды:

- ♣ маркасы, моделі: {_____}
- ♣ мемлекеттік тіркеу нөмірі: {_____}
- ♣ идентификациялық нөмірі (VIN): {_____}
- ♣ шығарылған жылы: {_____}
- ♣ көлік түрі: {_____}
- ♣ шасси (жақтау) №: {_____}
- ♣ шанақ (арбаша) №: {_____}
- ♣ түсі: {_____}

2. Егер мобильді қосымшаның «Көліктің жағдайы» бөлімінде өзгеше көрсетілмесе, көлік құралы жарамды күйде, ақаусыз, зақымданусыз, жолаушыларды тасымалдауға қойылатын талаптарға сай, сондай-ақ Жалға алушының күтілімдеріне сәйкес беріледі. Осы Актіге міндетті қосымша (бар болған жағдайда) — көлік жағдайын бағалау сәтінде Жалға алушы енгізген ақпарат болып табылады.

Электрондық қол қою үшін үлгі:

Құжатқа Жалға алушы (Сенім білдіруші) электрондық қолтаңба арқылы, Anytime шартына (https://anytime.kz) сәйкес қол қойған.

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime шартына № 8 (2) Қосымша

Көлік құралын қайтару актісі

{күні, уақыты}

«Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС (БСН 180640011180), бұдан әрі – «Жалға беруші» деп аталып, Қоғамның Жарғысы негізінде әрекет ететін {_____} атынан, бір тараптан, және … бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталып, екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіге қол қойды:

1. Anytime шартына (https://anytime.kz) және оның қосымшаларына сәйкес КҚ қайтару бойынша Жалға алушының міндетін орындау үшін Жалға алушы көлік құралын береді, ал Жалға беруші оны қабылдайды.:

- маркасы, моделі: {_____}
- мемлекеттік тіркеу нөмірі: {_____}
- идентификациялық нөмірі (VIN): {_____}
- шығарылған жылы: {_____}
- көлік түрі: {_____}
- шасси (жақтау) №: {_____}
- шанақ (арбаша) №: {_____}
- түсі: {_____}

2. Осы Актіге қол қойылуы Жалға берушіні кейіннен КҚ-ның анықталған зақымдану фактілеріне, КҚ-ның және КҚ жабдығының және/немесе КҚ құжаттарының және/немесе Жалға алушының оны пайдалануы нәтижесінде туындаған стандартты автомобиль жиынтығының жоғалуына сілтеме жасау мүмкіндігінен айырмайды.

Электрондық қол қою нысаны:

Құжатқа Жалға алушы (Сенім білдірілген өкіл) Anytime шартына (https://anytime.kz) сәйкес электрондық қолтаңбамен қол қойған.

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба: